



КӨШТІҢ МҰҢЫ

Күнгейден теріскейге қоныс аудару бағдарламасы айналасында кезекті дау туындады. Бас прокуратура оған бөлінген бюджет қаржысының 1 миллиард теңгеден көбі алаяқтық жолмен қолды болғанын әшкереледі. Қолданылған қитұрқы схемаларын да атады. Прокуратура сынынан кейін Еңбек министрлігі өзгерістерге бастамашы болды. Онысы еңбек күшінің соған зәру аймақтарымызға көшуін күрделендіріп жібергелі тұр.

ТЕРІСКЕЙДЕГІ ӨНІРЛЕРДЕ ҚАНША ХАЛЫҚ ҚАЛДЫ?

Қолданыстағы «Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аудару қағидаларына» сәйкес, өңіраралық қоныс аударуда жұмыс күші артық облыстар – «шығу өңірлері» деп аталады. 2023 жылдан бері шығу өңірлеріне 9 өңір жатады. Бұлар – Алматы, Жамбыл, Жетісу, Маңғыстау, Түркістан, Қызылорда облыстары және

Астана, Алматы, Шымкент қалалары. Олар қалай таңдалған? Критерий бойынша кейінгі 10 жылда халық саны жыл сайын 2%-дан артыққа өсіп отырса немесе халқының тығыздығы шаршы шақырымға шаққанда 6,4 адамнан асып кетсе, ол өңір автоматты түрде «шығу өңіріне» айналады. Ұлттық статистика бюросының дерегіне жүгінсек, 2024 жылғы 1 тамызда осы 9 өңірде жалпы саны 12 млн 250 мыңнан аса адам тұратыны белгілі болды.

(Жалғасы 3-бетте)

ДАМУ

ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша 6 қазанда атом электр стансасын салу жөнінде референдум өтеді. Халық қолдаған жағдайда АЭС-ті Балқаш маңындағы Үлкен ауылына салу мәселесі қазірдің өзінде талқыланып жатқаны белгілі. Егер «АЭС салынатын болса, ол қалай жұмыс істейді, оған қанша су қажет, Балқашқа әсері қандай болмақ және радиоактив қалдықтары не істеуге болады?» деген сұрақтарға мамандар жауап беруі керек. Сондықтан біз ҰЯО РМК АЭИ филиалы сутегі энергетикасы саласындағы технологиялық құзырет орталығының директоры, PhD докторы Арман Миниязовты әңгімеге тартқан едік.

→ 4



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ТОЗҒАН ЖЕЛІ – ТОҚЫРАУДЫҢ БАСЫ

Елімізде электр энергиясына қатысты ахуал оңалар емес. Әлі күнге дейін бірқатар аймақта электр желілерінің тозығы жетіп, қайта жаңғырту жұмыстарын күтіп тұр.



→ 5

ВЕЛОӨМІР: САУЛЫҚ СӘНГЕ АЙНАЛСЫН

«Мемлекетке ең қауіпті адам – велосипед мінетін адам. Себебі ол көлік салығын төлемейді, көлік алу үшін несие алмайды. Велосипед міну – спорт түрі болғандықтан, ешқашан ауырмайды, яғни дәрі-дәрмек те алмайды» деген шындығы аралас әзіл бар.



→ 7

АЛАҢ

«ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА БАР...»

13 қыркүйекте 12 жастағы қыз 13-қабаттан құлап қаза тапты. Осы оқиғаның ізін ала 16 қыркүйекте 7-сыныпта оқитын екі жеткіншек қыз көпқабатты үйдің шатырынан құлап мерт болды. БАҚ бұл екі жайтты да суицид деп жазды. Оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр, себебі де сан түрлі: суицидке жетелеуі ықтимал онлайн ойындар, қиял-ғажайып сарындағы кітаптар, желідегі сілтемелер және тағысын тағы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицид – бір ғана жағдайдың салдары емес екенін анықтады, соны ескерсек, өрімдей қыздардың өлім құшуының шын себебін анықтай аламыз ба?! Елімізде өзіне қол жұмсағандар, бұл қадамға барған, бірақ аман қалғандар жайлы мардымды дерек-дәйек, суицидтің себеп-салдары турасында сапалы және сандық зерттеулер жоқтың қасы. Оқушылардың өз өмірін қиюына онлайн ойындар себеп бола қалғанның өзінде оған кім тосқауыл қояды? Жақында «Суицидник» ойынын ойнаған бес жеткіншек жеті жасар баланы баспалдақтан лақтырып жібере жаздады, ол үшін сот ата-анасына 10 АЕК айыппұл салды. Бұл мәселеге шешім бола ала ма? Мамандар бұған не дейді?

→ 6



АЭС САЛУДЫ
ҚОЛДАУ ЖӨНІНДЕГІ
ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ

АЭС ТУРАЛЫ КӨБІРЕК
БІЛГІҢІЗ КЕЛСЕ:
www.aes2024.kz



БАТЫЛ
ШЕШІМДЕР
УАҚЫТЫ!

6 қазан

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



АБАЙ ОБЛЫСЫ ЖҰРТШЫЛЫҒЫ АЭС САЛУ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған АЭС салуды қолдау жөніндегі Халық штабының мүшелері Абай облысына келді. Олар ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілермен, білім беру саласының мамандарымен және коммуналдық қызметтер саласындағы еңбек ұжымдарымен кездесті. Кездесулерде АЭС салуға қатысты референдумға орай экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде қазір бүкіл әлем климаттың өзгеруіне және экологияның нашарлауына туындайтын проблемалармен бетпе-бет келіп отырғанын атап өтті. Биыл Қазақстанда болған су тасқыны да климаттың өзгеруінің бір салдары екені айтылды. Бұл жағдайда экологияға тигізетін салдарды азайтатын және энергияға зиян келтірмейтін тиімді шешімдер қажет екені сөз болды.

Штаб мүшелері «Приречное агрофирмасы» ЖШС-ның базасында облыстағы ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілермен жүздесті. Оған бөлек, «Эйкос» ЖШС-ның кәсіпкерлерімен және қызметкерлерімен, сондай-ақ коммуналдық сектор кәсіпорындарының ұжымдарымен кездесулер өткізіп, көтерілген мәселелерді кенінен талқылады. Кездесулерге қатысушылар аталған проблемалардың маңызына назар аударып, елімізде қалыптасқан экологиялық түйткілдер мен энергия тапшылығына қатысты мәселені жүйелі шешу қажет екенін айтты.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Жолдауда атап өткендей, 6 қазанда Қазақстанда АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдум өтеді. Бүгінде бүкіл әлем

климаттың өзгеруіне байланысты қиындықтарға тап болып отыр. Күн сайын ауа райы өзгеріп жатыр. Қоршаған ортаның ахуалын да бәріміз көріп отырмыз. Биыл Қазақстанда болған алапат су тасқыны да сондай өзгерістердің салдары. Мұндай жағдайда экологияға тигізетін салдарды азайтатын және энергияға зиян келтірмейтін тиімді шешімдер қажет», — деді палата Спикері.

Сонымен қатар кездесулер барысында экологиялық қауіпсіздік мәселесін шешу кешенді тәсілді және мүдделі тараптардың қатысуын талап ететіні атап өтілді. Өйткені бұл сала барлық маңызды бағытпен тығыз байланысты. Осы орайда ғылымға бағдарланған тәсілге және қазіргі әлемдік тәжірибені зерделеуге ерекше назар аударған жөн. Атап айтқанда, бұл істе жана технологияларды зерделеу және өндіріске инновацияны енгізу қажет. Мұхтар Әуезов атындағы педагогикалық колледжде өткен кездесуде білім беру саласының өкілдері аталған ұстанымды қолдайтындарын білдірді.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: М. Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ
қаражаты есебінен төленді

КЕСЕНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРҒАУҒА АЛЫНДЫ

«Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығы енді мемлекеттік қорғауда болады. Премьер-Министр Олжас Бектенов тиісті қаулыға қол қойды. Белгілі тарихи ескерткіш – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне енгізілген алғашқы қазақстандық нысан және ортағасырлық сәулет өнерінің бірегей ескерткіштеріне жатады.

Оның маңыздылығы мен тарихи-мәдени құндылығын ескере отырып, сондай-ақ оның сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Үкімет «Әзірет Сұлтан» мұражай-қорығын мемлекеттік қорғауға жататын объектілер тізбесіне енгізу туралы шешім қабылдады.

Объектінің қауіпсіздігін ішкі істер органдарының тиісті бөлімшелері қамтамасыз етеді.

Кесене Түркістан қаласында түркі ақыны және сопылық ілімінің негізін қалаушы Қожа Ахмет Ясауи жерленген орында тұрғызылған.

Кесене сегіз бөлмеден тұрады. Олар Тайқазан тұрған ортадағы ең үлкен залды айнала орналасқан. 1385-1405 жылдар аралығында кесененің төңірегіне қосалқы ғимараттар салынған. Бүгінде мұражай-қорық аумағына мешіт, Үлкен және Кіші Ақсарай залдары, кітапхана және шаруашылық кешені: құдық, асхана, тұрғынжайлар (хұжралар) және т.б. кіреді.



ЖАСТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСУЫ МАҢЫЗДЫ

АЭС салуды қолдау жөніндегі Халық штабының жұмысы бүгін Павлодар облысында жалғасты. Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев бастаған депутаттар, сарапшылар және қоғам қайраткерлері Ақсу, Павлодар қалаларында болып, энергетикалық корпорацияның ұжымымен, сондай-ақ металлургия саласында еңбек ететін мамандармен кездесті. Штаб мүшелері сарапшылар қауымдастығымен және белсенді жастармен де жүздесті. Іс-шаралар барысында АЭС салу мәселесіне қатысты референдумның маңызы мен мәні талқыланды.



Еуразиялық энергетикалық корпорациясының және Қазақстан алюминий компаниясының ұжымдарымен кездесулерде Штаб мүшелері энергетика саласындағы маңызды проблемаларға, нақты айтқанда, оның тапшылығына және электр стансаларының тозуы мен импортқа тәуелділік мәселелеріне жан-жақты тоқталды.

Сенат Төрағасы атап өткендей, Қазақстан жан басына шаққандағы көмірқышқыл газының шығарындылары бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірін алады. Осы орайда елімізде көміртегі қалдығын азайту үшін өндіріске инновацияны кенінен енгізудің маңызы зор. Бұл ретте елдегі энергия тапшылығын ауаға көмірқышқыл газын барынша аз шығаратын энергия көздері арқылы шешу мәселесі өте өзекті.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың мақұлдауымен 6 қазанда елімізде АЭС салу мәселесіне қатысты республикалық референдум өтеді. Референдумның маңызы мен міндеттерін жан-жақты түсіндіру үшін Халық штабы құрылды. Оның құрамында депутаттар, партиялар мен түрлі ұйымдар және ел ертіне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар бар. Түсіндіру жұмыстары барлық облыста, қалада және ауылда кенінен жүргізіліп жатыр. Осы

орайда азаматтарымыздың белсенділігі, бас-тамашылығы және ел ертіне бейжай қарамайтындығы қуантады. Біздің бүгінгі кездесуіміз де жемісті болады деп үміттенеміз. Сондай-ақ сіздердің әрқайсыңыз алдағы референдумға белсенді қатысасыздар деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар штаб мүшелері Жастар бас-тамаларын дамыту орталығында өңірдің белсенді жастарымен кездесті. Сенат Төрағасы жас буынды қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыты екенін тигізіп өтті, осы саладағы реформалардың мәніне назар аударды. Палата Спикері ел болашағына ықпал ететін мәселе күн тәртібіне шығарылған референдумға жастардың белсенді қатысуы маңызды рөл атқаратынын айтты.

Штаб мүшелері өңірдегі сарапшылар қауымдастығымен кездесуде жалпұлттық референдум елдің дамуы жолында шешуші мәнне ие екенін тоқталып өтті. Сұхбат кезінде АЭС-тің елге берер игілігін халыққа сапалы әрі жан-жақты түсіндірудің маңызы екені де айтылды.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: М. Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ
қаражаты есебінен төленді

ЖАҒДАЙЫҢ ҚАЛАЙ, ЖАҢАӨЗЕН?

Премьер-Министр Олжас Бектенов Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында қойылған міндеттер шеңберінде Жаңаөзен моноқаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралармен танысты. Атап айтқанда, инфрақұрылымды жаңғырту, білім беру сапасын арттыру, халықты жұмыспен қамту және басқа да маңызды бағыттардың қарқыны тексерілді.

Үкімет басшысы жана өндірістерді ашуға баса назар аударып отырып, моноқала экономикасын әртарапандыру жоспарымен танысты. Жаңаөзенде 150 мыңнан астам адам тұрады. Болжам бойынша, 2035 жылға қарай халық саны 200 мың тұрғыннан асады. Күтілетін өсімді ескере отырып, қала тұрғындарын жұмыспен қамтуды, оның ішінде халықтың бизнес бастамаларын қолдау жөніндегі шараларды күшейту арқылы қамтамасыз етудің маңызы атап өтілді.

Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамытуға баса назар аударылды. Олжас Бектеновке Жаңаөзен мен оған іргелес жатқан ауылдық елді мекендердің орталықтандырылған сумен, тұрмысқа қажетті газбен және электр энергиясымен 100% қамтамасыз етілгені баяндалды. Тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ететін су тазарту құрылысын жаңғырту – моноқаланың тіршілігін қамтамасыз етудегі маңызды жоба саналады. Нысанның қуатын арттыру үшін 2025 жылы 30 мың м³ көлемінде су қорларын жинақтау үшін резервуарлар салу жоспарлануда.

Моноқаланың өнеркәсібін дамыту және жана өндірістерді іске қосу электр энергиясының қосымша көлемін талап етеді. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен италиялық ENI компаниясының өсіп келе жатқан қажеттіліктерін жабу үшін жалпы қуаты 247 МВт гибриді электр стансасын салу бойынша инвестициялық жоба басталды. Жоба ЖЭК бірлескен генерациясын (күн және жел энергетикасы) пайдалануды және газ электр стансасын салуды көздейді.

Үкімет басшысына қаладағы жаңа газ өңдеу зауытының құрылысы барысы туралы баяндалды. Жобаны іске қосу халықтың қосымша газ көлеміне деген қажеттілігін қамтамасыз етіп қана қоймай, ең бастысы – өнеркәсіптің одан әрі дамуына және қосылған құны жоғары мұнай-химия өнімдерін жасауға серпін береді. Премьер-Министр газ өңдеу кәсіпорнының құрылысы өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін кең ауқымда мультипликативті әсер беретінін атап өтті.

(Басы 1-бетте)

А Елдос
СЕНБАЙ

Қазақстанда жұмыс қолы жетіспейтін өңірлер ресми түрде «қабылдау өңірлері» деген атауға ие. Олар Үкіметтің жеке қаулысымен, қоныс аударушыларды және қандастарды қабылдаудың өңірлік квоталары аясында айқындалады. Бұрын қабылдау өңірлеріне ШҚО, СҚО, Қарағанды, Павлодар, Ақмола, Қостанай, Абай және Ұлытау өңірлері жататын. Алайда Үкімет биылғы квотада тек жетеуін қалдырды. Ақмола облысын алып тастады. Бұл ірі өңірде де адам аз: 788,8 мыңдай ғана. Бұл, мысалы, Қостанай облысы тұрғындарынан (827 492 адам) аз. Сарапшылар болса, елорданың іргесінде отырғандықтан, бұл астаналық облысқа босап қалу қаупі төнбейді деген пікір айтады.

Ұлттық статистикалық бюросының мәліметінше, қабылдаушы 7 өңірде биылғы 1 тамызда небәрі 4 793 352 адам өмір сүреді. Соның ішінде еліміздегі ең кішкентай облыс саналатын Ұлытау облысында 221 620 адам ғана бар. Мысалы, шығыс көршіміз Қытайдың бір ғана Шэньян қаласында біздің 7 өңір тұрғындарынан екі есе көп, 8,3 миллион адам тұрады.

2013 жылдан бері шығу өңірлерінен қабылдау өңірлеріне 40 мыңнан аз адам қоныс аударыпты. Ұлан-байтақ далада далайып жатқан жеті облысқа 400 мыңның өзі де азық ететіні даусыз. Ендеше көштің қарқынын күшейту қажет-ақ. Бұл бағытта шенеуніктер батыл қадам жасай алатын емес. Мысалы, 2023 жылы шекара жақтағы өңірлерге қоныстандыруға 6 727 адамға квота бөлінсе, квота 2024 жылы 7 050 адамға дейін шамалы артты. Соның ішінде Ұлытау облысына — 132, Қарағанды облысына 36 адам ғана. Яғни, әкімқаралар жыл бойы пойыздың тек бір-екі вагонын толтыратын адамды ғана көшіре алғанына мәз болмақ. Оның өзінде бұл квота, оның аясында нақты қанша адам қоныс аударатыны, квотаның орындалатынын орындамайтыны белгісіз.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен бекітілген қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың 2024 жылға арналған өңірлік квотасы — 9 483 адам. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 554 адамға көп.

2024 жылы өңірлік квота мынадай: қандастар үшін Павлодар облысына — 902, Қостанай облысына — 550, Ақмола облысына — 285, ШҚО-ға — 269, СҚО-ға — 207 адам, Абай облысына 220 адам. Қоныс аударушылар үшін квота СҚО-ға — 2 702, Павлодар облысына — 2 603, Қостанай облысына — 950, ШҚО-ға — 372, Абай облысына — 255, Ұлытау облысына — 132, Қарағанды облысына 36 адам бөлінген.

Жұмыс күші тапшы әрі ауылдары тұрғынсыз қалып, шетінен жабылып жатқан жеті облысқа ең құрығанда 1 миллион тұрғынды көшіру үшін мұндай қозғалыс қарқынымен 105 жыл қажет болады.



БАҒДАРЛАМА ҚАРЖЫСЫ ҚАЛАЙ ҰРЛАНҒАН?

«Жығылғанға жұдырық» дегендей, онсыз да адымы ашылмай тұрған бағдарламаның қаражатты аяқтар «алып» жатқаны анықталды. Прокуратура органдары азаматтардың ерікті қоныс аудару бағдарламасына бөлінген мемлекеттік қаражаттың жұмсалыуына талдау жүргізді. Қорытындысында 1 миллиард теңгеден астам қаражатты жымқыру фактілері ашкереленді. Бюджет ақшасын ұрлауға шенеуніктер де, кейбір бағдарламаға қатысушылар да атсалысқан.

Осы мақсатта бірнеше схема қолданылыпты: біріншісі — «өлі жандар»: қоныс аударушылар ретінде жалған адамдар есепке алынған. Кейбір жағдайда онтүстіктің тұрғындары өзінің солтүстікке «көшіп кеткенін» де білмеген. Қоныс аударушыларды қабылдаудың



КӨШТІҢ МҰҢЫ

өңірлік квотасына енгізілген адамдарға берілетін мемлекеттік қолдау шарасы олардың сыртынан рәсімделіп, жемқорлардың қалтасына құйылған.

Тағы бір алаяқтық схема бойынша жауапты шенеуніктер жапырайған лашықтарды жана үй ретінде жоғары бағамен сатып алған. Тіпті, мемлекеттік тізілімде апатты үй ретінде тіркеліп, күресінге жіберілуге жатқызылған үйлерге құжат рәсімдеген.

Келесі схеманы елордалық педагог Ж. Күләш айтып берді.

— Бізде Елена есімді орыс тілі мен әдебиетінің жас мұғалімі болды. Күйеуі де мектепте істейді. Үш жыл бұрын олар өңірлік квота аясында СҚО-ға қоныс аударуға бел буып, мемлекеттік қолдау алды. Отбасының әрбір мүшесіне 222,6 мың теңгеден (2022 жылы 70 АЕК-ке тең) көлемінде көшуге біржолғы субсидиялар иеленді. Баспана алуға да біраз қаражат берілді. Мұның бәрін мен жақсы білемін, құжаттарын әзірлеуге өзім көмектестім. Бірақ содан кейін Елена жұбайымен бірге біздің мектепте ары қарай қалды, жұмысын жалғастырды. Бұл жерде бір шикілік барын түсініп, құзырлы органға жаздым, — дейді Күләш. Содан кейін жоғарыдан хат түсіп, мектеп Еленаны жұмыстан шығарған көрінеді.

Прокурорлардың айтуынша, қабылдау өңірлеріндегі тұрғындар қалада

танай, Абай және Ұлытау облыстарында анықталды. Мысалы, Павлодар облысының Успен ауданында «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ-нің қызметкері арзан үйлерді тауып, иесімен оны қоныс аударушыларға жоғары бағамен сатуға келіскен. Мемлекеттен алынған қаражаттың бір бөлігін өзіне қалдырып отырған. Қазір сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіліп, орталықтың қызметкері ұйқамаққа алынды, — деп хабарлады Бас прокуратура.

ШҚО-да қоныс аударушылар мен сатушылар арасында сөз байласу жағдайлары анықталды, олар мемлекеттік көмекті алу үшін жалған шарттар жасап, қаражатты бөліскен. Азаматтар бұрынғы мекенжайында тұра берген, қоныс аудару нақты жүзеге асырылмады.

Солтүстік Қазақстан облысының Мәмлүт ауданында қоныс аударушы үйдің нақты бағасы мен мемлекеттен төленген қаражаттың арасындағы айырмашылықты қалтасына басты. Күдікті алаяқтық жасағаны үшін кінәлі деп танылып, бір жылға бас бостандығы шектелді.

Жалпы алғанда, прокурорлар сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша 20 іс қозғады. Тергеу барысында барлық күдіктіні анықтау, оларды жауапкершілікке тарту, сондай-ақ келтірілген залалды өтеу шаралары қабылданып жатқаны мәлімделді. Нормативтік актілердегі олқылықтарды жою және бағдарламаны іске асыруды бақылау жүйесін күшейту үшін Үкіметке қадағалау актісі енгізілді.

ЖАҢА ӨЗГЕРІСТЕР НЕНІ ШЕКТЕМЕК?

Қалай болғанда, жетілдіру жұмыстары қолға алынып жатыр. Сондықтан қара аспанды төндіріп, бәрін біттіге санап түніліп кетуге болмайды. Бас прокуратура терең зерттей келе, 1 миллиард теңгенің талан-тараж болғанын анықтады. Бірақ бұл бағдарламаның бүкіл қаржысы ұрланғанын білдірмейді. Үлкен бөлігі шын мәнінде қоныс жаңартып, Солтүстік, Шығыс және Орталық Қазақстанды жерсінген қазақстандықтардың игілігіне айналды, қолтығынан демелі.

Ресми мәлімет бойынша, 2020 жылдың өзінде өңіраралық еңбек ұтқырлығы шеңберінде қоныс аударуды қамтамасыз ету (оңтүстік-солтүстік) бағдарламасына 4 млрд 507,9 млн теңге жұмсалыпты. 2021 жылы бағдарлама жүзеге асырылмады. 2022 жылы — 7 млрд 191 млн теңге, 2023 жылы — 11 млрд 520,4 млн теңге, 2024 жылы — 11 млрд 740,8 млн теңге, 2025 жылы — 11 млрд 740,8 млн теңге, жалпы алғанда, осы кезеңде 46 млрд 701,3 млн теңге бөлу жоспарланған. Бұл цифрлар жыл сайын жаңартылып, өсірілуі мүмкін.

Сондай-ақ Үкіметтің, Еңбек министрлігінің лауазымды тұлғалары өңірлерге сапары аясында қоныс аударушылардың отбасында болып, жағдайымен танысып тұрады. Мысалы, Үкімет басшысының осы бағытта жауапты орынбасары Тамара Дүйсенова Солтүстік Қазақстан облысындағы Келлер ауылында болып, соған

көшіп барған отбасылармен кездесіп, дастарқанынан дәм татқан еді. Бұл ауылда қалу туралы шешім қабылдаған барлық қоныс аударушы баспанамен қамтылғаны айтылды. Еңбекке қабілетті жастағы 34 қоныс аударушының 23-і тұрақты жұмыс орнына орналастырылды, 5 адам бизнесін ашты, 6 адам бала күтімімен айналысады. Қоныс аударушы отбасыларының балалары балабақша мен мектепке орналастырылған.

СҚО Тайынша ауданының Келлер ауылдық округі әкімдігінің дерегіне, 2023 жыл қорытындысында округ тұрғындарының саны 3 141 адамға жетті. Бұрын 3 мыңнан төмен түсіп кеткен. Жұртшылығының басым көпшілігі — қазақтар.

Мәселе бұл бағдарламаны ары қарай кемеліне келтіріп, қарқынына қарқын қосуда болып тұр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Үкіметтің

барып көруі, оның апатты емесіне немесе үй орнына көң-қоқыр сақталатын сарай сатылмайтынына мұқият көз жеткізуге тиіс. Кейін сол тексеріс қорытындысы үшін басым жауапты болады. Алайда ауыл-аймақтардағы Мансап орталықтарында жұмыс істейтін қыз-келіншектердің жылжымайтын мүлікке бағалау жүргізетіндей біліктілігі жоқ. Еңбекмині оларды бірер айлық оқу курсынан өткізбегенімен, қандай баспананы лайықты деп тану керектігі туралы ортақ нұсқаулық әзірлеп, семинар өткізсе дұрыс. Қызметкерлер мәміле объектісіне теріс қорытынды берсе, тұрғындардың қарғысын алудан, тіпті соққы, қокан-лоқы қауіпін қорқыту мүмкін екенін де жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, НҚА-ға өзгерістер Еңбек мобильділігі орталықтарының құқығын кеңейтуді қарастырады. Олар енді сатып алынатын жылжымайтын

Жұмыс күші тапшы әрі ауылдары тұрғынсыз қалып, шетінен жабылып жатқан жеті облысқа ең құрығанда 1 миллион тұрғынды көшіру үшін мұндай қозғалыс қарқынымен 105 жыл қажет болады.

атына жіберілген Бас прокуратураның ескертулерін ескеріп, НҚА-ға түзетулер әзірледі. Ол қоныс аудару шарттарын біршама күрделендірді. Мысалы, қабылдау өңіріне қоныстанушылар өз облысынан тыс жерде еңбек қызметін жүзеге асыра алмайды. СҚО-ға құжат жүзінде көшіп, өзі елордада отыра алмайды.

— Еңбекмині Бас прокуратураның ескертулеріне орай азаматтарды еңбек күші артық өңірлерден еңбек күші тапшы өңірлерге ерікті түрде көшіру мәселелерін реттеу саласындағы қолданыстағы НҚА-ға түзетулердің үшінші пакетін әзірледі. Бас прокуратура қоныс аударуға қатысушылар мен еңбек мобильділігі орталығы арасындағы шарттық міндеттемелердің негіздерін, жүргізу тәртібін, нысанын және орындалуын мониторингілеу бөлігінде қолданыстағы қағидаларға өзгерістер енгізу қажеттігін атап өтті, — деп хабарлады ведомство.

Еңбекмині 2024 жылғы тамызда коррупциялық нормаларды анықтау және нормативтік-құқықтық актілерді (НҚА) жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында құқықтық мониторинг жүргізді. Соның нәтижесінде келесі өзгерістер көзделді: біріншіден, Мансап орталықтары (бұрынғы Жұмыспен қамту орталықтары) қызметкерлері қоныс аударушы немесе қандас ұсынған барлық құжаттың шын-өтірігін салыстырып тексеруге міндеттеледі. Бұл ретте ұсынылған құжаттар, сондай-ақ үй құнының 50%-ына дейінгі мөлшерінде экономикалық мобильділік сертификаты бойынша төленген ақшалай төлемге сатып алынатын тұрғын үйдің мәліметтері «толықтығы мен дұрыстығы тұрғысынан» тегіс тексерілуге жатады.

Тексеру барысында орталық қызметкері сатып алынғаны тұрған баспананы

мүліктің құнын бағалау нәтижелеріне шағымдануға құқылы болмақ. Егер сатушы мен сатып алушы тәуелсіз бағалаушы жалдап, ол ескі үйді қымбат бағаласа, орталық оны сөзсіз қабылдай алмай, наразылық білдіре алады.

Үшіншіден, баспана алу үшін экономикалық мобильділік сертификатын беруден бас тартудың қосымша негізі бекітілмек. Егер жана қоныс аударушы немесе қандас бұдан бұрын экономикалық мобильділік сертификаты арқылы сатып алынған баспананы сатып алуға ниеттенсе, онда бас тартылуы мүмкін. Өйткені ол баспана бағдарлама аясында қолдан-қолға өтуде деген сөз.

Төртіншіден, жоғарыда айтылғандай, қоныс аударушылардың қоныстану аумағынан тыс жерлерде еңбек қызметін жүзеге асыру құқығы жойылады. Бұдан бөлек, Еңбек министрлігі келесі 2025 жылғы наурыздан бастап, қандастар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізудің, сондай-ақ ерікті қоныс аударуға мемлекеттік қолдау шараларын көрсетудің мемлекеттік қызметтерін автоматтандыруды жоспарлап отыр.

Осылайша, министрлік мамандарының сендіруінше, қызмет алушылардың Мансаптық орталық қызметкерлерімен байланысы жойылады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Осы мемлекеттік қызмет түрлерін цифрландыру қоныс аударуға қатысушылар мен Еңбек мобильділігі орталықтары арасындағы келісімшарттарда көрсетілген міндеттемелердің орындалуына нақты мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Шынымен солай бола ма, прокурорлық сыннан кейін Еңбекминінің міні түзеле ме, уақыт көрсетеді.

ДАМУ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ



Мемлекет басшысының Жарлығы бойынша 6 қазанда атом электр стансасын салу жөнінде референдум өтеді. Халық қолдаған жағдайда АЭС-ті Балқаш маңындағы Үлкен ауылына салу мәселесі қазірдің өзінде талқыланып жатқаны белгілі. Егер «АЭС салынатын болса, ол қалай жұмыс істейді, оған қанша су қажет, Балқашқа әсері қандай болмақ және радиоактив қалдықты не істеуге болады?» деген сұрақтарға мамандар жауап беруі керек. Сондықтан біз ҰАО РМК АЭИ филиалы сүтегі энергетикасы саласындағы технологиялық құзырет орталығының директоры, PhD докторы Арман Миниязовты әңгімеге тартқан едік.

ҚАУІПСІЗДІК ҮШІН ТИІМДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ ҚАЖЕТ

— Сіздіңше елімізде АЭС салудың маңыздылығы қандай? Халықты мемлекеттің нақты қандай жобаны таңдайтыны және оған қойылатын негізгі талаптар қандай болатыны туралы сұрақтардың алаңдататыны анық. Ендеше оқырмандарымызға еліміз үшін таңдалатын АЭС-тің қауіпсіздік және экономикалық параметрі қандай болатыны туралы айтып беріңізші...

— АЭС салу мәселесі көтерілгенде халықтың ең басты алаңдаушылығы — бұл, әрине, қауіпсіздік. Бұл орынды, себебі атом энергетикасының тарихында болған апаттар (Чернобыль, Фукусима) бөрінін есінде. Сондықтан Қазақстан Үкіметі осы салада ең жоғары қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келетін жоба таңдайтыны күмәнсіз. Еліміз үшін таңдалатын атом электр стансасының қауіпсіздігі басты басымдыққа ие болуы керек. Бұл максатта бірнеше негізгі параметр ескеріледі. Үкімет қауіпсіздікті қамтамасыз ететін ең озық технологияларды қолдануға мүдделі болуы тиіс. Бұл 3+ буын реакторлары, мысалы, ВВЭР-1200 сияқты реакторлар қарастырылуда. Мұндай реакторлар апаттардың алдын алу үшін автоматтандырылған жүйелерге ие және электр қуатының сөнугіне немесе басқа да төтенше жағдайларға қарамастан, өздігінен суытылатын технологиялармен жабдықталған.

АЭС жобасын таңдауда тек қауіпсіздік ғана емес, оның экономикалық тиімділігі де маңызды. Бұл салада келесі факторлар ескерілетін болады: АЭС-тің құрылысы қомақты қаржылық шығынды талап етеді. Алайда бұл инвестициялар ұзақмерзімді перспективада өзін ақтайды, өйткені АЭС-тің қызмет ету мерзімі ұзақ (60 жыл немесе одан да көп). Ал оның өндіріс шығындары салыстырмалы түрде тұрақты. АЭС іске қосылғаннан кейін елдегі электр энергиясының бағасын тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл энергетикалық тапшылықты жойып, ұзақмерзімді перспективада электр энергиясының құнын төмендетуге әсер етуі мүмкін. АЭС құрылысы жана инфрақұрылымды дамытуға септігін тигізеді. Сонымен қатар бұл жоба жұмыс орындарын құрып, білім мен ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандырады.

Қазақстан үшін АЭС таңдау кезінде қауіпсіздік пен экономикалық тиімділік қатар жүреді. АЭС салу арқылы Қазақстан болашақта энергия тапшылығын шешіп қана қоймай, экологиялық таза және тұрақты энергетикалық жүйені қалыптастыруға мүмкіндік алады.

— Халықаралық ғылыми практикада атом энергетикасын пайдалануда қай елдің технологиясы озық және біз қай елдің тәжірибесіне жүгінгеніміз дұрыс деп ойлайсыз?

— Қазақстанның ядролық энергетика саласындағы серіктесі көп. Олардың ішінде Ресей, Франция, Қытай, Оңтүстік Корея сияқты елдер бар. Әрқайсысы өз технологияларын ұсынуға. Мысалы, Ресейдің ВВЭР-1200 реакторлары әлемде кеңінен қолданылып, өзін сенімді, қауіпсіз және тиімді технология ретінде танытты. Сонымен қатар Франция мен Қытайдың да АЭС салудағы тәжірибесі мол. Франция атом энергетикасын қолданудағы көшбасшылардың бірі болса, Қытай да ядролық технологияларды дамытушы ірі ел. Біздің таңдаған жоба осы елдердің үздік тәжірибелері мен технологияларын қамтитын болады.

— Үшінші буын реакторларының қауіпсіздік өлшемі қандай? Мәселен, бүгінгі күні атом энергиясын бір тарап «жасыл энергия көзі» мүлдем қауіпсіз десе, бір тарап оған күмәнмен қарайды. Мұндай қайшылықтың себебі не деп ойлайсыз?

— Үшінші буын реакторлары (немесе 3+ буын реакторлары) қазіргі заманғы атом энергетикасының ең жоғары қауіпсіздік стандарттарын қамтамасыз ететін технология болып саналады. Олардың қауіпсіздік өлшемдері бірнеше маңызды аспектіге негізделген. Негізгі артықшылықтарының бірі — пассивті қауіпсіздік жүйелерінің болуы. Бұл жүйелердің ерекшелігі — олар электр қуатынсыз немесе операторлық араласусыз автоматты түрде жұмыс істейді. Мысалы, реактор салқындату процесі табиғи жолмен, ауырлық күші немесе қысым айырмашылығы арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан электр қуаты өшкен жағдайдың өзінде апаттық салқындату мүмкіндігі бар. Олар жедел апаттық жағдайларды басқару жүйелерімен жабдықталған. Бұл жүйелер операторлар апатты анықтаған кезде оны автоматты түрде жоюға және жүйелерді ретке келтіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл реакторлар апатқа төзімділікке ие, яғни олардың жұмысы апатты жағдайларда да ұзақ уақыт бойы қауіпсіз болып қала береді. Бұл реакторлардың жобалануы барысында олардың сейсмикалық белсенді аймақтарда да қауіпсіздік талаптарына сай жұмыс істеуі көзделген. Мысалы, сейсмикалық күштердің әсерін азайту үшін реакторлар мен олардың қоршаулары арнайы техникалық шешімдермен күшейтілген.

Атом энергетикасының алғашқы кезеңдерінде (Чернобыль сияқты апаттарды еске алсақ) қауіпсіздік деңгейі төмен болды, ал қазіргі технологиялар, соның ішінде 3+ буын реакторлары, қауіпсіздік тұрғысынан әлдеқайда жетілдірілген. Бірақ өткен апаттар халықтың есінде сақталып, сенімсіздік тудырады. Тарихи жағдайлар мен қорқыныш жана технологиялардың қауіпсіздігін түсінуді қиындатады.

Әр елдің атом энергетикасын қабылдауы әртүрлі болады. Мысалы, Франция атом энергиясын экологиялық таза және қауіпсіз деп санайды, ал Германия бұл салаға сақтықпен қарайды. Бұл мәдени және әлеуметтік көзқарастардың ерекшеліктеріне байланысты. Әр елдің халқы мен үкіметі атом энергетикасына өз тарихы мен тәжірибесіне байланысты әртүрлі баға береді.

— АЭС-тің экологияға, жалпы ғаламдық жылынуға әсері қандай? 3+ буын реакторлары қандай жұмыс істейді? Оның адам денсаулығына тигізетін зияны жоқ деп айта аласыз ба?

— АЭС-тер электр энергиясын өндіру кезінде атмосфераға парниктік газдар (CO₂, метан және т.б.) шығармайды. Бұл оларды көмір, мұнай және табиғи газға негізделген дәстүрлі электр стансаларына қарағанда анағұрлым экологиялық таза етеді. Бүгінде атом энергетикасы жыл сайын 2 миллиард тоннаға дейін CO₂ шығарындысын азайтуға ықпалын тигізеді. Бұл оның климаттық өзгерістермен күресудегі маңызды рөлін ерекшеледі.

Қалыпты жағдайда жұмыс істейтін АЭС адам денсаулығына ешқандай зиянды радиациялық әсер етпейді. Атом электр стансалары қауіпсіздік шараларының көпсатылы жүйелерін қолданады, бұл стансаның тыс жерлерде радиацияның шығуын болдырмайды.

— АЭС радиоактивті қалдықтарсыз болмайтыны шындық, оны қайта өңдеу және сақтау әлемдік деңгейде әлі де шешімін таба қоймағаны белгілі. Қазақстан радиоактивті қалдықтар не істемек? Қайда, қалай сақтамақ?

— Иә, АЭС жұмыс істегенде радиоактивті қалдықтардың пайда болатыны сөзсіз және бұл атом энергетикасындағы ең күрделі және маңызды мәселелердің бірі. Радиоактивті қалдықтарды қауіпсіз өңдеу және сақтау әлемнің көптеген еліне әлі де толықтай шешімін таппаған мәселе. Дегенмен бұл бағытта бірқатар технология мен әдіс қолданылады.

Қазір радиоактивті қалдықтардың белгілі бір бөлігін қайта өңдеу мүмкіндігі бар. Атомдық қалдықтардағы кейбір материалдар,

әсіресе плутоний мен уран, қайта өңделіп, жана ядролық отын жасауға қолданылады. Бұл әдіс «жабық отын циклы» деп аталады және қалдықтардың көлемін азайтуға, сонымен қатар радиоактивтіліктің ұзақ уақытқа созылуын төмендетуге мүмкіндік береді.

— Станса Алматы облысындағы Балқаш көліне жақын орналасқан Үлкен ауылының маңында салынатын болса, көлдің су деңгейі АЭС-ке қажетті сұранысты өтей ала ма? Су сапасына әсері қандай болмақ?

— Әзірге Қазақстанда АЭС құрылысы бойынша соңғы шешім қабылданбағанымен, Алматы облысындағы Үлкен ауылының маңында Балқаш көлінің жанында АЭС салу мүмкіндігі талқылануда. Бұл жер географиялық тұрғыдан перспективалы болып көрінеді, себебі ол Оңтүстік Қазақстанның энергетикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге жақын орналасқан.

— Атомды бейбіт максатта энергия көзі ретінде пайдалану еліміздегі ғылымның, технологияның және өндірістің дамуына ықпалы қандай болады деп ойлайсыз?

— Атом энергиясын бейбіт максатта пайдалану Қазақстандағы ғылым, технология және өндіріс салаларына айтарлықтай ықпал ете алады. Бұл бағыт еліміздегі бірқатар саланың дамуына серпін беріп, жалпы экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуетті күшейтуге мүмкіндік туғызды.

Атом энергетикасын дамыту халықаралық деңгейде ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді. Әлемдік жетекші елдер мен компаниялармен бірлескен жобалар жасау, ғылыми алмасулар және технология трансфері арқылы Қазақстандағы ғылым мен өндіріс салаларына шетелдік инвестициялар тартылып, инновацияларға жол ашылады.

Қорыта айтқанда, атом энергиясын бейбіт максатта пайдалану Қазақстанның ғылым, технология мен өндіріс салаларына кешенді және ұзақмерзімді әсер ете отырып, елдің зияткерлік әлеуетін, инновациялық қабілетін, өндірістік базасын нығайтуға көмектеседі.

— Ал АЭС энергетикалық тәуелсіздікке қаншалықты кепіл бола алады? Сіздіңше біздің тарап АЭС-тің қауіпсіздігіне байланысты қандай талап қою алады және қаншалықты деңгейде бақылай алады?

— Атом электр стансасы энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз етуге маңызды рөл атқара алады, себебі ол ұзақ мерзімді, тұрақты және сенімді энергия көзін береді. Алайда бұл толықтай энергия тәуелсіздігін қамтамасыз ету үшін елдің ядролық отын

цикль өз бетімен жүзеге асыруы және халықаралық стандарттарға сәйкес қауіпсіздік шараларын қамтамасыз етуі қажет.

Халықаралық атом энергиясы агенттігі — атом энергетикасын бейбіт максатта пайдалану және қауіпсіздік стандарттарын сақтау бойынша жетекші халықаралық ұйым. МАГАТЭ әлемдегі барлық атом нысандарының қауіпсіздігін бақылауға және қамтамасыз етуге көмектеседі, оның ішінде Қазақстан да бар. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тек МАГАТЭ-нің бақылауымен шектелмейді. Қазақстан Үкіметі мен елдегі атом саласындағы ұйымдар ұлттық қауіпсіздік шараларын қолдануға міндетті. Бұл АЭС салу мен пайдалануда жоғары стандарттарға сай келуді талап етеді, сондай-ақ үздік халықаралық тәжірибелерге сүйене отырып, апаттық жағдай-

ларды болдырмау үшін тиімді басқару жүйесін енгізу қажет.

— Кадр мәселесі қалай шешіледі? АЭС-ті салуға және оның қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге отандық мамандардың әлеуеті жете ме?

— Қазақстанда атом энергетикасы саласында белгілі бір деңгейде кадрлық қор бар, бірақ ол толықтай жеткілікті деп айту қиын. Елде ядролық физика және энергетика салаларында мамандарды дайындайтын оқу орындары бар. Мысалы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті сияқты жоғары оқу орындары ядролық энергетика мамандарын даярлауда жұмыс жүргізуде. Сонымен қатар Ұлттық ядролық орталық пен басқа ғылыми-зерттеу институттары осы саладағы зерттеулерді жүргізіп келеді.

Дегенмен АЭС жобалау, салу және оны қауіпсіз пайдалану үшін жоғары біліктілік пен халықаралық тәжірибе талап етіледі. Сондықтан қазір кадр мәселесін толық шешу үшін Қазақстан шетелдік серіктестермен де белсенді жұмыс істеп жатыр.

АЭС құрылысымен қатар біліктілікті арттыру курстарын, ғылыми-зерттеу жобаларын, және стажировкаларды ұйымдастыру арқылы жұмыс істеп жатқан кадрларды тұрақты түрде оқытып отыру маңызды. Қазақстандағы университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының бұл процеске белсенді түрде қатысуы кадрлардың сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

АЭС салу мен пайдалану ұзақмерзімді жоба болғандықтан, Қазақстан кадр мәселесіне ерте кезеңде мән беруі қажет. Бұл саланы дамытуға қажет мамандардың арасында ядролық физиктер мен инженерлер ғана емес, сонымен қатар экологтер, құқық қорғаушылар, экономистер және техникалық кызметкерлер де бар.

Қорыта айтқанда, АЭС-тің қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін отандық мамандардың әлеуеті белгілі бір деңгейде бар, бірақ оны одан әрі дамыту қажет. Кадрлық мәселелерді шешу үшін халықаралық ынтымақтастық пен отандық білім беру жүйесі арқылы жоғары білікті мамандарды дайындау маңызды. Қазақстан бұл бағытта қаламдар жасауда, бірақ бұл процеске ұзақмерзімді жоспарлау және тұрақты қолдау қажет.

— Рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілек ҚАБЫЛ

ХИРУРГТАР ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ 6 ОПЕРАЦИЯ ЖАСАДЫ

Астанадағы Президенттік орталықта Президенттің Іс басқармасы Медициналық орталығы ауруханасының ұйымдастыруымен «Заманауи хирургиядағы жоғары технологиялар» халықаралық ғылыми-практикалық форумы өтті. Әлемнің 22 елінен 198 спикер қатысқан алқалы жиында 6 адамға тікелей эфирде операция жасалды.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Екі күнге жалғасқан конференция аясында күрделі жағдайларды тәжірибе жүзінде көрсететін шеберлік сағаттары, операция залынан онлайн трансляция курстары, дөңгелек үстелдер мен тақырыптық секциялар ұйымдастырылды. ПИБ МО ауруханасы және Үндістан, Түркия ауруханаларының операциялық залдарынан тікелей трансляция таралды. Биыл екінші мәрте өтіп жатқан форумға 2 мыңға жуық дәрігер келсе, 4 мыңға жуық маман онлайн қатысты. Олар жалпы хирургия, урология, протология, гинекология, кардиохирургия, нейрохирургия, кантамыр хирургиясы, интервенциялық хирургия, аритмология, оториноларингология, офтальмология сынды ересектер хирургиясының барлық бағыты бойынша талқылау өткізіп, тәжірибе алмасты.

Конференцияның алғашқы күні ПИБ МО ауруханасы мен Қытайдың Xuanwu Hospital серіктестік туралы меморандумға қол қойды. Меморандум аясында екі елдің клиникалары нейрохирургия саласында клиникалық, ғылым және білім беру бойынша тәжірибе алмасты, серіктестік орнатты. Сондай-ақ осы құжаттың арқасында эпилепсия ошағын анықтайтын RemeBot роботы Қазақстанның барлық өңірінің медицина мекемелерінде қолданылатын болады. ПИБ Медициналық орталығы ауруханасы директорының хирургия бойынша орынбасары Мыңжылқы Бердіқожаевтың айтуынша, жана құрылғының науқастарды емдеуде әлеуеті зор.

— Әрине, операцияны роботсыз да жасай беруге болады, бірақ ол ұзаққа өтеді. Аталған стереотактикалық құрылғы адам басына орнатылып, бас сүйегіндегі 13 тесік арқылы электродтарды қондырып, 3-4 күнде эпилептикалық ошақтың қай



жерде екенін анықтауға мүмкіндік береді. Осы арқылы тек сол жерді күйдіріп, науқасты емдеп, сауықтырып жіберуге болады. Бұл технология қазір Президент іс басқармасы медициналық орталығы ауруханасының Эпилептология орталығында қолданылады. Келер жылдан бастап әр аурухана мүмкіндігі болса осы роботты сатып алып, қолдана алады, — дейді нейрохирург М. Бердіқожаев.

Сондай-ақ дәрігерлер кардиохирургия, нейрохирургия және кантамыр хирургиясы бойынша 6 пациентке тікелей эфирде операция жасаса, оны форумға жылған мамандар бірге талқылады. Германиядан келген нейрохирург, профессор Данэль Хенги келешекте елдегі білікті дәрігер-

лермен тығыз әріптестік байланыс орнатқысы келетінін жеткізді.

— Бүгін мен нейрохирургиялық секцияға қатыстым. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі әріптестермен тығыз байланыста болып, білгенімді бөлісіп отыру аса маңызды деп ойлаймын. Бұл ғылым, нейроғылым және инновация үшін керек. Мен осындай форумдарға келгенде әріптестерімді, олардың жұмысындағы қызықты жағдайларды естіген сайын жана нәрсе үйренемін. Іс-шара өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Осындай тамаша конференцияның мүшесі болғанымға қуаныштымын. Қазақстан, Астана ұнап жатыр. Болашақта әріптестеріммен тығыз байланыста болғым келеді, — дейді профессор.

Ал Қазақстанға екінші рет ат басын тіреген мысырлық нейрорадиолог-дәрігер Ахмед мырза 2019 жылмен салыстырғанда елдегі медицина әлдеқайда ілгерілегенін айтты.

— Менің нейрорадиология саласында жүргеніме 20 жыл болады. Конференцияда «Механикалық тробэктомия дәрежесі және АКШ-тағы жүректің жедел ишемиялық ауруларын емдеу тәсілдері» тақырыбында баяндама жасадым. Дәрігерлер ишемиялық ауруларды дер кезінде анықтап, емдеуі үшін бірінші кезекте оның қандай күрделі ауру екенін түсінуі маңызды. Осы туралы айттым. 2019 жылы Мыңжылқы Сайлауымен бірге Алматыдағы орталықта болған едім. Сол кезеңмен салыстырғанда қазір сіздерде медицина жоғары деңгейде екенін, бір орында тұрып қалмай, дамып жатқанын көрдім, өзгерісті байқадым, — деді ол.

Мамандар соңғы жылдары елімізде ядролық медицина мен ядролық технологияның дамуы әлем елдерінің қызығушылығын тудырып отырғанын айтады. Сондай-ақ қазір еліміздің медицинасы ядролық технологиялар негізінде радиофармацевтикалық препараттарды диагностикада да, емдеу шараларында да сәтті қолданып жүр. Ал халықаралық ғылыми-практикалық форумдар дәрігерлердің біліктілігі мен білімін арттыруда маңызды зор. Мәселен, ғылыми тәжірибе алмасу барысында мамандар «Эндоскопия», «Оториноларингология, офтальмология», «Ортопедия», «Урология», «Кардиохирургия» секілді бірнеше секцияға бөлініп, операция барысындағы түрлі тосын жағдайларда қалай әрекет ету керігін бірлесіп талқылады.

АЙМАҚ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

АЙҚЫНДАМА

QAZAQGAZ-дың ЖАҢА ЖОБАСЫ:
АЛМАТЫДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІН

Таяуда «Алматы–Байсерке–Талғар» магистралды газ құбыры екінші тармағының құрылысы аяқталды. Іс-шараға «Самұрық–Қазына» ҰӘҚ» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Жақыпов, Алматы облысы әкімінің орынбасары Рустам Исатаев, Алматы қаласы Алатау ауданының әкімі Талғат Малыбаев және QazaqGaz ҰҚ АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешов қатысты.

Бұл – ЖЭО арналған газ инфрақұрылымының төртінші нысаны. Оның ұзындығы – 62,4 шақырым, диаметрі – 530 мм, өткізу қабілеті – сағатына 1 000 000 текше метр.

«Бүгінде барлық жұмыс аяқталды. Объектінің маны жайластырылды. Газ құбырының жұмысы тексерілді. Магистралды газ құбырының екінші тармағы тұтынушыларды және ЖЭО–2, ЖЭО–3 нысандарын табиғи газбен тұрақты түрде қамтамасыз етуге ықпал етеді», – деді Нұрлан Жақыпов.

Сонымен қатар газ тасымалдау жүйесін кеңейту қолданыстағы Алматы–Байсерке–Талғар бір желілік газ құбырының тоқтап қалуына байланысты төтенше жағдайларды болдырмауға мүмкіндік береді.

«Мемлекет басшысының Алматы қаласының Жылу электр орталықтарын газдандыру туралы тапсырмасы аясында QazaqGaz ұлттық компаниясы «Алматы–Байсерке–Талғар» МГҚ екінші тармағының құрылысын аяқтады. Біздің еншілес компаниямыз «Интергаз Орталық Азия» барлық жұмысты белгіленген кестеден ерте аяқтады. Осы орайда жобаның сәтті жүзеге асуына қолдау білдірген Самұрық–Қазына қоры, Алматы қаласы, Алматы облысының әкімдігіне ерекше алғысымды білдіремін», – деді Санжар Жаркешов.

Сыртқы газ инфрақұрылымын дайындау төрт ауқымды нысанның құрылысын қамтыды. Олар – ЖЭО–2 және ЖЭО–3 екі автоматты газ тарату стансасы, олардың өнімділігі – сағатына 250

және 150 мың текше метр; Алматы–Байсерке–Талғар және Қазақстан–Қытай газ құбырлары арасындағы өнімділігі сағатына 1 млн текше метрді құрайтын ТІР–04 газ құбыры жалғастырғыш және Алматы–Байсерке–Талғар магистралды газ құбырының екінші желісі. Былтырғы қараша айында екі автоматты газ тарату

стансасы мен ТІР–04 газ құбыры мерзімінен бұрын пайдалануға берілді.

Айта кетейік, Алматы жылу электр стансаларын газға көшіру қаланың экологиялық ахуалының жақсаруына ықпал етеді. Сонымен қатар Алматы мен Алматы облысының газ тасымалдау жүйесін кеңейту, кәсіпкерлік пен өнеркәсіптік

кәсіпорындардың дамуына жаңа серпін береді. Тиісінше, жаңа жұмыс орындары ашылып, өңір экономикасына мультипликативтік әсер етеді.



ӨЗЕКТІ

ТОЗҒАН ЖЕЛІ –
ТОҚЫРАУДЫҢ БАСЫ

Елімізде электр энергиясына қатысты ахуал оңалар емес. Әлі күнге дейін бір-қатар аймақта электр желілерінің тозығы жетіп, қайта жаңғырту жұмыстарын күтіп тұр. Соның салдарынан қолайсыз ауа райы кезінде жарықтың іркіліспен берілуі, тұйықталу оқиғалары жиі болып жататыны рас. Бұл жағдай Қызылорда облысына да тән.

А Ербақыт ЖАЛФАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Былтыр қыс мезгілінде өңірде табиғаттың тосын мінезіне төтеп бере алмай, тозығы жеткен электр желілері істен шығып, қаланың басым бөлігі жарықсыз қалғаны елдің есінде. Сол уақытта көптеген электр желінің Кеңес кезеңінен бері жөндеу көрмей, тозығы жетіп тұрғаны сөз болды. Соған орай электр желілерін қайта жаңғырту бастамасы көтеріліп, елдің сенімі еселене түскен еді. Бірақ әлі күнге дейін түйткілдің түйіні толықтай тарқатылды деп айта алмаймыз.

Қызылорда облыстық Энергетика, тұрғын үй–коммуналдық шаруашылығы басқармасының мәліметіне сәйкес, бүгінде облыс аумағында 10 491 шақырым электр желісі мен 2008 дана қосалқы станса бар. Жалпы, Сыр өңіріне электр энергиясын таратушы мекеме – «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ. Жоғарыда аталған барлық электр желілері мен станса осы кәсіпорынның тегіне кіреді екен. Алайда бүгінде бұл желілер мен стансалардың тозу деңгейі 66 пайызды құрап отырғаны жасырын емес.

Басқарманың мәліметіне сәйкес, биыл электр желілерін жаңғырту бойынша 38 жобаға 9 млрд теңге бөлінді. Бұл қаржыға қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу көзделген.

«Өңірдің электр жүйелерін жаңғырту жұмыстарын жүргізу бастамасы назарға алынып отыр. Нақты айтқанда, осы



максатта 38 жобаға 9 млрд теңге қаралды. Бұл қаржыға 741 шақырым электр желісі мен 127 дана қосалқы стансаларды күрделі жөндеу, 45 шақырым электр желісі мен 48 дана қосалқы стансаларға ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделіп отыр. Соның нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейін 66 пайыздан 62 пайызға төмендету жоспарда бар», – деп түсіндірді басқарма басшысы Медет Усаин.

Бір кездері Қызылорда қаласындағы үлкен трансформаторлардың күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен 4 млрд теңге қаралғаны белгілі. Алайда қыруар қаржы мақсатты жұмыстарға

дарынан шұғыл жөндеу жұмыстарына 500 млн теңге қаралғанымен, одан да көңіл көншітерлік нәтиже болмады. Соның зардабын халық әлі күнге дейін тартып келеді.

Бұл аздай, тарифтің жиі көтерілуі де өңір халқының шымбайына

батып жүр. Жарық пен жылуға жарымай отырған жұртшылыққа бұл жығылғанға жұдырық болып тұр. Тарифтің ойда-жоқта көтеріліп, қалтаға салмақ салып тұрғанына көпшілік ашулы.

«Жарық пен жылуның жайы көпке мәлім. Енді ай сайынғы төлемақыны қымбаттатып, халықты одан бетер қыспаққа алып тұр. Сәл жел тұрып, жанбыр жауса, жарық өшіп, қараңғылық құшағында отырамыз. Электр желілерінің ескіргендігін айта-айта аузымыз да ауырды. Сәл апатты жағдай болса, арнайы мамандардың келуі де қиын. Көп жағдайда қалтамыздан төлеп жасатуға мәжбүрміз. Ең болмағанда, сапа бағаға сай болса екен», – деп ашынады қала тұрғыны Қайрат Абдуллаев.

Шынында биыл коммуналдық тарифтің қуны өскені мәлім. Ал оның себебін халық түсінбей дал болып жүр. Осы орайда тариф төңірегінде де басқармадан сұрап көрдік.

«Бір кездері Қызылорда қаласындағы үлкен трансформаторлардың күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен 4 млрд теңге қаралғаны белгілі. Алайда қыруар қаржы мақсатты жұмыстарға тиімді игерілмей, кері қайтарылғаны көпке аян. Нақты айтқанда, 2021 жылы бөлінген қаржыға межелі жұмыстар өз деңгейінде жүргізілмеген.

тиімді игерілмей, кері қайтарылғаны көпке аян. Нақты айтқанда, 2021 жылы бөлінген қаржыға межелі жұмыстар өз деңгейінде жүргізілмеген. Соның сал-

«Биыл коммуналдық тарифтердің (жарық, жылу, су, газ) бағасы өсті. Оған негіз бар. Қай кезде де барлық коммуналдық тариф себепсіз қымбаттаған

емес. Мәселен, биылғы жылы мекемелерде орташа жалақы мөлшері өсуіне байланысты, коммуналдық тарифтердің бағасы да қымбаттады. Негізінен, электр энергиясының өсуінен басты себебі, былтырдан бастап республика бойынша бірыңғай сатып алушы (РФЦ мекемесі)



жүйесі енгізілді. Сонымен қатар жылу электр стансалары (ТЭЦ) мен бірыңғай сатып алушы тарифінің 12 теңгеден 15 теңге өсуі және республикалық электр желілерінің операторы KEGOC мекемесінің жаңа тарифі (1,97 теңге) себеп болып отыр», – дейді басқарма басшысы Медет Усаин.

Бұған дейін Үкімет басшысының Сыр өңіріне сапарында облыстағы электр желілерінің тозу деңгейін 66 пайыздан 30 пайызға дейін төмендету үшін 153 млрд теңге қажет екені тілге тиек болған еді. Әрине, бұл аз ақша емес. Соған сәйкес бұл түйіннің қашан шешілетіні нақ уақытта дөп басып айту қиын сияқты.

Ал Сыр халқы бағасына қарай коммуналдық қызметтің сапасы да артса деген пікірде. Ең бастысы, жарықтың іркіліссіз беріліп, жылуға қатысты қордаланған мәселені түбегейлі шешілуін асыға күтіп жүр.

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

13 қыркүйекте 12 жастағы қыз 13-қабаттан құлап қаза тапты. Осы оқиғаның ізін ала 16 қыркүйекте 7-сыныпта оқитын екі жеткіншек қыз көпқабатты үйдің шатырынан құлап мерт болды. БАҚ бұл екі жайтты да суицид деп жазды. Оқиғаның мән-жайы анықталып жатыр, себебі де сан түрлі: суицид-ке жетелеуі ықтимал онлайн ойындар, қиял-ғажайып сарындағы кітаптар, желідегі сілтемелер және тағысын тағы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы суицид – бір ғана жағдайдың салдары емес екенін анықтады, соны ескерсек, өрімдей қыздардың өлім құшуының шын себебін анықтай аламыз ба?! Елімізде өзіне қол жұмсағандар, бұл қадамға барған, бірақ аман қалғандар жайлы мардымды дерек-дәйек, суицидтің себеп-салдары турасында сапалы және сандық зерттеулер жоқтың қасы. Оқушылардың өз өмірін қиюына онлайн ойындар себеп бола қалғанның өзінде оған кім тосқауыл қояды? Жақында «Суицидник» ойынын ойнаған бес жеткіншек жеті жасар баланы баспалдақтан лақтырып жібере жаздады, ол үшін сот ата-анасына 10 АЕК айыппұл салды. Бұл мәселеге шешім бола ала ма? Мамандар бұған не дейді?



Аягүл МИРАЗОВА,
Еңбек Ері:

ІШІ БОС ҰРПАҚТЫҢ ДЕРТІ

— Өз өмірін қию — іші бос ұрпақтың дерті. Әл-Фараби атамыздың «Тәрбиесіз берген білім — адамзаттың қас жауы» дейтін қанатты сөзінің кебін кидік бүгінде, тәрбие мәселесін ақсатып алдық. Қандай да бір қателікке бой алдырған бүгінгі жас аспаннан жауды ма, жерден шықты ма? Қай ата-ана баласын өзін, қоғамды бүлдірсе деп туалы, өсіреді? Бұл — қоғамның айыбы, бәріміздің кінәміз. Біз тәрбие мен білімнің тізгінін тең ұстауымыз керек едік. Алайда жас ұрпақты ұлттық болмысымызға бойлатып, ұлттық тәрбиемізбен өсіру міндетінен ажырап барамыз. Адамгершілік, білімге ұмтылыс, тәрбие көргендік, көргендікке қатысты мысал іздесеңіз, ұлттық менталитетімізден де табамыз. Әйтсе де, біз өзі шетелге еліктеуден, соларға ұқсаудан жалықпайтын болдық. Әсіресе, осы білім мен тәрбие саласындағы өзгеріс те, еліктеу де, көшіру де қалыпты жайтқа айналып кетті. Біздің менталитетімізге сай ма, мінезіміз қабылдай ма — оған қарамаймыз, қажетсіз болса да қызыққыш болып алдық.

Осы тұста ұстаздың мәртебесі туралы айтудың да орайы келіп тұр. Бүгінде мұғалім оқушының кемшілігін көріп тұрса да, оны айтудан қалды. Өйткені мұндай ескертпені бала түгүлі, ата-анасының өзі қабылдай алмайды, түсінбейді және айтқызыбайды. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейміз, оны ата-ана дұрыс қабылдауы керек. Жасөспірімнің өтпелі кезеңінде тап болатын түрлі келесіз жағдайына ұстаздар баланың ата-анасын, ал әке-шешесі керісінше мектепті кінәлап, бір-біріне сілтеп жатады. Педагогикалық ынтмақтастық дейтін әдемі ұғым бар: ұстаз, ата-ана және баланың өзі тәрбие мәселесінде бірігуі, бір-біріне көмекші болуы керек. Батыстың «еркіндігіне» әбден тойып, балаға тәйт деуге болмайды дегенді тренд қылдық, мұның соңы жақсылыққа апармайды. Әлбетте, «еркіндік» ұғымы жақсы, оны тәрбие ісінде ұтымды пайдалануымыз керек, алайда оның өз орны бар. Бала тәрбиесінің бірыңғай рецепті жоқ, әрқайсысының жан жарасын жүрекпен сезініп, шынайы жанашырлықпен тәрбиелеуге тиістіміз. Не ата-анаға, не ұстазға сырын айта алмаған бала жалғыз қалады.

Қазір әр баланың қолында түрлі гаджет бар. Олар кез келген ақпаратты еркін тұтына алады. Ал оның не көріп, нені санасына тоқып жатқанын бақылай алмай отырмыз. Себебі ақпараттық алаңды, әлеуметтік желіні, әртүрлі ойын-сауықты синтездейтін, соған ден қойып отырған ешкім жоқ. Мемлекет ұдайы балаға, жалпы қоғамға қолжетімді ақпаратты қалағалауы және оның ұрпақ үшін қауіптісіне тосқауыл қоюы тиіс. Министрден бастап мектеп қызметкеріне дейін алтынмен аптап, күміспен қаптап қойсақ та, олар бұл мәселені түбегейлі шеше алмақ емес, күші жетпейді. Жарасы жарылғалы тұрған істі билік өз бақылауына алуға тиіс-ті, мәселені алдымен мемлекет шешуі шарт.

Қазір әр баланың қолында түрлі гаджет бар. Олар кез келген ақпаратты еркін тұтына алады. Ал оның не көріп, нені санасына тоқып жатқанын бақылай алмай отырмыз. Себебі ақпараттық алаңды, әлеуметтік желіні, әртүрлі ойын-сауықты синтездейтін, соған ден қойып отырған ешкім жоқ. Мемлекет ұдайы балаға, жалпы қоғамға қолжетімді ақпаратты қалағалауы және оның ұрпақ үшін қауіптісіне тосқауыл қоюы тиіс. Министрден бастап мектеп қызметкеріне дейін алтынмен аптап, күміспен қаптап қойсақ та, олар бұл мәселені түбегейлі шеше алмақ емес, күші жетпейді. Жарасы жарылғалы тұрған істі билік өз бақылауына алуға тиіс-ті, мәселені алдымен мемлекет шешуі шарт.



Сымбат НҰРТАЗАҚЫЗЫ,
психолог-суицидолог:

СУИЦИД — «АЙСБЕРГТІҢ ШЫҢЫ»

— Суицид мәселесі бұрыннан еліміздегі ең өзекті тақырыптардың бірі болып отыр. Өкінішке қарай, бұл көрсеткіште Қазақстан әлемдегі алдыңғы қатарда тұрған 20 елдің ішінде 19-орында. Сондықтан адамның өз-өзіне қол жұмсауы — біздің елде ғана емес, әлемдегі үлкен мәселенің бірі. Әрбір 40 секунд сайын бір адам суицидтен қайтыс болса, жыл сайын 800 мың адам суицид салдарынан өз өмірін қияды. Бұрын бұл туралы көп айтыла бермейді, қазір әлеуметтік желіде, басқа да БАҚ беттерінде жиі жарияланып жүрген соң суицид жасаушылар көбейіп кеткендей болып көрінеді. Шын мәнінде, мұндай көрсеткіштің денгейі бұрыннан жоғары.

Қазір өкінішке қарай, суицидтің алдын алу шаралары тек білім беру ұйымдарында, оның ішінде мектептер мен колледждерде ғана жүргізіледі, ал жоғары оқу орындарында жүргізілмейді. Сонымен қатар баланың психологиясымен жұмыс істейтін мамандардың барлығы дерлік — педагог-психологтер, яғни мұғалім психологтер. Ал суицид психиатриялық бұзылыс ретінде қарастырылғандықтан, оның алдын алу үшін арнайы суицидолог мамандар қажет.

«ЖҮРЕГІМДЕ ЖАРА БАР...»

Қазақстандағы суицид мәселесі туралы ғаламтордан дерек іздей калсақ, көбіне суицид көрсеткіштері мен әскердегі суицид шығады. Егер контент-талдау жасап қарасақ, осы ақпараттардан кейін бұл мәселенің алдын алу туралы ешқандай ақпарат жоқ. Ата-ана мен қоғам не істеуі керек екені туралы материалдар жиі жазылғаны жақсы.

Ал әлеуметтік желідегі «қараңғы» ойындарда суицидтік қауіп факторлары болуы мүмкін. Бірақ жасөспірімнің суицидке баруына мына екі фактор әсер етеді. Біріншісі — генетика. Егер арғы атасында психикалық ауытқулар болып, өзіне қол

Суицидке баратын адамда екі түрлі белгі байқалады. Біріншісі — сөзбен жеткізеді: «өмірден шаршадым, ертең менен құтыласыңдар» дегенді тікелей немесе жанама айтады немесе әлеуметтік желіге жариялайды. Екіншісі — іс-әрекетпен көрсетеді: баланың ұйқысы бұзылады, мүлде ұйықтамай не көп ұйқыға тәуелді болады, бірі тамақ көп жесе, бірі мүлде жемейді. Дімкестік байқалады. Бұрынғы қызыққан дүниелеріне қызығушылығы бірден төмендеп, сабақ үлгерімі нашарлайды. Осындай белгілер байқалған кезде балаға психологиялық көмек керек екенін түсінуіміз керек.

ны бетімен жіберу» дейтін сөзіне ұқсас дүние. Осы үш түрлі тәрбиенің негізінде бала жеткіншек жасқа келгенде психологиялық түрде ата-анасымен жиі конфликтке түсетін болады. Қазіргі ақпарат таралу қарқыны дамыған қоғамда мұның көріністері баланың санасында «Мен тәуелсізбін, басқаға бағынбаймын» дегенді қалыптастырады.

Суицид жасау — тәуелділік құрбаны шегі. Тәуелділік белгілі бір нәрселермен шектеліп қоймайды. Баланың жаман дүниелерге әуес болып соған тәуелді болуы емшектегі кезінен бастап қалыптасады. Егер балада ему процесі дұрыс болмаса,



салғандар болған жағдайда ол келесі ұрпақта қайталануы мүмкін. «Галлюцинация» деген ұғым бар — кәзге біреу көрініп, құлаққа сыбырдың естілуі болатын жағдайлар. Оның өзі қауіпті. Екінші фактор — бұрын-соңды жасалған суицидальды әрекеттер, бала кезде алған психологиялық травма (жыныстық, физикалық зорлық көруі, отбасындағы жағдай). Ойынға қайта оралайық. Бала бір ойын ойнап, қауіпке басын тигізу мүмкін емес. Оның арғы жағында басқа да проблемалары болатыны анық. Егер сол ойынды мың бала ойынаса, оның бәрі өз-өзіне қол жұмсай бермейді. Тек психикасы әлсіз не бұзылған бала ғана сондай әрекетке баруы ықтимал. Неге? Өйткені оның психикасының мықты болуы үшін бастапқы база жоқ. Ол жанағы айтқанымыз — генетика не отбасылық жағдай. Содан кейін бала өзін осы өмірде қалдыруға тиісті ішкі я сыртқы тірегі жоқ екенін сезіне бастайды.

Жалпы, бала 18 жасқа дейін ата-анасының бақылауында болуы керек. Елімізде ата-ана мен бала арасында тығыз қарым-қатынастың жоқ екені байқалады. Оны балалармен сөйлесу үшін кемінде 15 минут бөлмейтінінен көреміз. 15 минут — ештеңеге аландамай тек баласымен отырып сөйлесу. Зерттеулер оның жоқтығын көрсетті. Балада үйден тыс жерде проблема болуы мүмкін. Егер бала отбасынан жылулық қорғамаса, өзін ата-анасының алдында қорғанышы бар бала деп сезіне алмаса, сырттан келген қауіптерге төтеп бере алмай, оңай сынады. Бала үшін суицидке бару оңай жол емес. Суицидке бару — «айсбергтің шыңы».

Фрейд бойынша айтсам, баланың психо-эмоциялық қана емес, психо-сексуалды дамуында да ата-ананың рөлі жоғары. Әр ата-ананың тәрбие беру үлгісі де түрліше болып келеді. Мәселен, бірі гиперөбектеумен тәрбиелесе, екіншісі авторитарлы үлгіде тәрбие береді.



Санжар ТҰРСЫНМЕТОВ,
психиатр:

САНАҒА БАҒЫНБАЙТЫН САНҒЫЛАУ

— Соңғы уақытта жастардың суицид туралы ақпарат жиіледі. Бұл құбылысты ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы және гаджеттердің кері әсерімен байланыстыруға болады. Фрейд бойынша айтсақ, баланың психо-эмоциялық қана емес, психо-сексуалды дамуында да ата-ананың рөлі жоғары. Әр ата-ананың тәрбие беру үлгісі де түрліше болып келеді. Мәселен, бірі гиперөбектеумен тәрбиелесе, екіншісі авторитарлы үлгіде тәрбие береді. Осы екеуіне үшіншісін қосуға болады. Ол — гипобектеу. Бұл дегеніміз қазақтың «бала-

анасы емізулі кезде агрессивті халде болатын болса бала сүтке қанбай өседі. Соның салдарынан баланың қандай да бір нәрсеге тәуелді болуы байқала бастайды, соның жетіспеуі туралы санасы үнемі хабарлап отырады. Одан кейін бала не істейді? Бейсаналы түрде осындай жайсыз оқиғаларға ұрына бастайды. Соны суицидпен аяқталуы әбден мүмкін. Жана айтқанымыздай, жан рахаты үшін қатерге бас тіккен жағдайдың кейбірінде сана оған жолатпай, оның қауіпті екенін айтса да өзін құрбан етуші санасын тындағысыз келмейді. 12-қабаттан секірудің өте қорқынышты екенін санасы түсініп тұр, бұл кезде адам транс жағдайында болады. Транс деп отырғанымыз — сананың өзгерген күйі, онда ақпаратты сыни қабылдау тоқтатылады.

Жақында баланы құрбан қылу ниетіндегі жасөспірімдердің ата-анасы сот шешімімен 10 АЕК көлемінде айыппұл төледі. Мұндай жаза мәселені шешпейді, керісінше ұшықтырады.

Себебі 10 АЕК-пен жазалану құтылу адамда «кез келген нәрсені ақшамен шешуге болады» деген ой тудырады. Керекті жаза АЕК-пен шешілетін болса, кез келген қылмыскер қалаған қылмысын жасай береді және жасау кезінде ешқандай қорқынышы болмайды. Одан кейін мәселеге ақша араласқан жерде әділдіктің болуы мүмкін емес.

Кейбір суицид оқиғалары әлеуметтік желідегі жасырын ойындардан басталуы мүмкін. Ата-ана баланың ойын ойнап жүргенін қалай байқай алады? Біріншіден, бала тұйық болып, тіпті ата-анасымен дұрыс қарым-қатынас жасамайды, бұрынғы қарағанда екеуінің арасындағы байланыс 70 пайызға төмендейді. Екіншіден, түрлі сылтаумен бейберекет ақша сұрауды әдетке айналдырады. Өз бетінше несие рәсімдей бастайды. Қосымша үйірмелерге қатысуы жиілейді, бұл сабақтан босаудың, уақытын сыртта өткізудің сылтауы ғана. Үйден заттар ұрлануы мүмкін. Басты белгінің бірі бала агрессивті күйде жүреді. Сондықтан баланың әр іс-әрекетін ата-ана жіті бақылауда ұстауы керек. Бұл — демократиялық тәрбие. Оның белгілері бойынша, ата-ана баласымен үнемі дос ретінде қарым-қатынаста болуы керек. Бұл баланың өз бетінше дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Ал авторитарлы тәрбие (дауыс көтеру, ұрып-соғу, күш көрсету) баланың жан-жақты дамуына кері әсерін тигізеді.

Айсүлу МОЛДАБЕК,
әлеуметтанушы:

ІЗСІЗ ҚАЛМАС БҮЛ КЕСЕЛ...

— Суицид туралы ақпараттың көбеюі суицид жасағандар санының артуымен тікелей байланысты. Қазір еліміз осындай көрсеткіш бойынша әлемде алдыңғы қатарда тұр. Бұл құбылыс жастарға қарағанда жасөспірімдер арасында өршіп тұр. Психологиялық мінез-құлқы қалыптаспаған, өмірлік дағдыларға бейім емес 11-15 жас арасындағы жасөспірімдердің әрекеті қоғамда алаңдаушылық туғырып отыр. Осы жастағы балалар телефоннан бас алмай, ойынның қызығына кіріп кеткен. Бұл жерде баланы белгілі уақыт арасында ойнату, қандай ойын екенін бақылау — ата-ананың жауапкершілігінде. Егер ойын ойнау арқылы бала рахаттанатын болса, өмірдегі дағдыларды ұмыта бастап, ойындағы әрбір пунктті қайталауға дейін барады. Мәселе тыйым салуда емес, сауатты ақпаратты беруде деп ойлаймын. Зерттеулер бойынша суицид жасау тәуекелділігі басым топтардағы оқушылар бойынан қызуқандылық пен агрессияның жоғары деңгейі көрініс тапқан, бұл екі тұлғалық қасиеттің суицидпен аса тығыз байланысы бар екенін айтпай кетуге болмас.



Суицид індетінің біз ойлағандан да терең салдары бар. Бұл — бір адамның, яки бір баланың жарық дүниеден қоштасуы ғана емес, қоғам үшін орны толмас әлеуметтік, экономикалық шығын. Балалар мен жасөспірімдердің суицидті олардың отбасы мүшелеріне айтарлықтай әсер етеді. Әркім өзіне-өзі «Мен кінәлі емеспін бе?» деген сұрақ қойып, өзінің марқұммен қарым-қатынасын еске алып, әрбір болған жанжалда өзін кінәлі санап, «субъективті» шешім жасайды. Тағы да бір үлкен зардаптардың бірі — жасөспірімдер арасындағы суицид ел экономикасына үлкен қиындық туғызады. Жас өскіннің өз-өзіне қол жұмсауы қоғамымыздың болашақтағы белсенді халқынан айырып, ел демографиясына әсер етеді. Өзін-өзі өлтіруді ойлаған жасөспірімдерді анықтап қана қою жеткіліксіз, олардың бетін бері қайтару және емдеу үшін кешенді шаралар болуы керек. Суицидтің алдын алуға бағытталған басқа тиімді шаралар жасөспірімдердің өмірлік дағдыларын арттыруға бағытталуға тиіс. Өмірлік дағдылары дамыған балалар өздерін жеке тәуелсіз сезініп, өзінің мәселелерін айналасындағылардан айыра алады. Олар белсенді, бастамашыл, болып жатқан оқиғаға жауапты, өзіне сенімді, өзіне деген ішкі бақылауын жоғалтпайтын болып келеді және әрине, суицидке бейім болмайды. Ресми деректер бойынша Қазақстанда жыл сайын 200-ге жуық жасөспірім өзіне қол жұмсайды. Мұның тек тіркелген жағдайлар екенін айта кеткен жөн.

Балалық шақта болған түрлі соққы суицидтік мінез-құлқыты қалыптастыруға әсер етеді. Мысалы, суицид құрбандарының 30%-ы отбасы жағдайындағы қатал қарым-қатынас пен зорлықты басынан өткізген. Өмірдегі кейбір оқиғалар да жасөспірімдердің өзіне қол жұмсауына әсер етуі мүмкін.

Ал баланың қауіпті ойын ойнауының алдын алу кезінде бірінші кезекте ата-ана жауапты. Егер әлеуметтік желіде қауіпті ойынның ішінде жүрген балалардың ата-анасы жауапқа тартылған жағдайда салыңған айыппұл мәселені шешпейді. Оның алдын алу үшін, біріншіден, білім беру мекемелерімен тығыз жұмыс істеу керек. Екіншіден, телефон ойындарына ата-ана бақылау жасауға тиіс.

Дайындаған:
Айдана НҰРМҰХАН,
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ТАНЫМ

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

«Мемлекетке ең қауіпті адам – велосипед мінетін адам. Себебі ол көлік салығын төлемейді, көлік алу үшін несие алмайды. Велосипед міну – спорт түрі болғандықтан, ешқашан ауырмайды, яғни дәрі-дәрмек те алмайды» деген шындығы аралас әзіл бар. 22 қыркүйекте әлем халқы Дүниежүзілік біркүндік автокөліктен бас тарту күнін атап өтті. Алғаш рет Францияда пайда болған бұл атаулы күні табиғат жанашырлары халықты темір тұлпарын велосипедке ауыстыруға шақырады. Осылайша, жұртшылық жаяу жүру мен велосипед тебу арқылы ең болмағанда жылына бір рет экологияға үлес қосып, денсаулығына да көңіл бөле алады.

ВЕЛОӨМІР: САУЛЫҚ СӘНГЕ АЙНАЛСЫН

А Наурызбек САРША

2022 жылдың 1 қыркүйегіндегі статистика бойынша Қазақстандағы көлік саны 4 млн 378 мыңға жетсе, өткен жылы 5 миллионнан асып, бұл көрсеткіш былтырғы 1 тамыздағы жағдаймен салыстырғанда 15%-ға өскен екен. 2023 жылғы шілдеде 169,3 мың автокөлік құралы есепке қойылды. 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 1,8 есе артып, оның ішінде жеңіл автомобильдер 1,8 есеге, автобустар 2,2 есеге және жүк автомобильдері 1,8 есе артыпты. Көліктің көбеюі демография мен қалаға келіп жатқан халық санының артқанының да белгісі болса керек. Әсіресе, Астана, Алматы және Шымкент сияқты ірі қалаларда көлік кептелістері халықты түрлі әбгерге салады. Көліктің мұнша өсуі экологияға да өз әсерін тигізбей қоймайды. Мұның бір шешімі ретінде әлем халқы бүгінде велосипед санын көбейтіп, оны қолданушылар үшін барынша жағдай жасауды алға қойып отыр. Осынау адамзат ойының жетістігі болған шайтан арба қашан, қалай пайда болған еді? Өңгімемізді содан бастайық.



ВЕЛОСИПЕД ҚАШАН ПАЙДА БОЛДЫ?

1817 жылы неміс профессоры, барон Карл фон Дрез «жүгіретін машинаны» үлгісін жасаған екен. Бірақ ғажайып көлікті ойлап табушылар ішінде көптеген өзге де адам бар. Олардың ішіндегі ең танымалы – италиялық Ренессанс суретшісі Леонардо да Винчи еді. Бірақ кейбір деректер велосипедтің тарихы екі ғасырдан астам уақытты қамтиды дегуе негіз жоқ екенін жазды. Мәселен, зерттеушілердің көпшілігі авторы Леонардо да Винчиге немесе оның шәкірті Джакомо Капротти деп саналатын рөлі мен шынжыр жетегі бар екі доңғалақты велосипедтің сызбасын жалған деп санайды. Ал Карл Дрез Laufmaschine атты көлігіне ресми түрде алғаш болып патент алған. Бұл модельде педальдар болмады: қозғалу үшін аяқтарыңызбен итеру керек болды. Заманауи велосипедтердің алғашқы үлгілері – екі доңғалақты ағаш скутерлер. Олардың қашан пайда

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХЫ

XX ғасырдың басында елімізге велосипедтер келе бастады. Онымен бірге велоспорт түрі де пайда болды. Велосипед халық арасында кеңінен насихатталды. Қазақстанда велоспорттың дүниеге келген күні ретінде 1914 жылы 6 шілдеде Ақтөбе қаласында жол велосипедінен өткен жарысты санауға болады. 1918 жылы Петропавл, Орал, Қызылорда және басқа қалаларда үйірмелер құрыла бастады. Сол уақыттан бері велосипед қалың еңбекшілер қауымының меншігіне айналды. Жалпыға бірдей білім беру органдары құрылғаннан кейін велосипед жастардың дені шынықтыруына қолданыла бастады және бірте-бірте халық өміріне енді.

Бүгінде велосипед саны жыл сайын артып келеді. Мысалы, былтыр маусым айында шетелден 31,3 мыңға жуық велосипед әкелінген. Бұл ретте импорттың жалпы

күш-жігеріне байланысты екен. Үкіметтің бастамаларының күшеюіне және тұтынушылардың денсаулық туралы хабардарлығының артуына орай нарық алдағы жылдары оның өсу қарқынына оң әсер етеді деп күтіліп отыр. Сонымен қатар урбанизация мен кептелістің артуы велосипедтердің ыңғайлы және қолжетімді көлік түрі ретінде танымал болуына ықпал етуде. Қазақстандағы велосипедтер нарығына жаһандық экономикалық үрдістер, ұлттық экономиканың жай-күйі, салық-бюджет саясаты және қаржылық көрсеткіштер сияқты макроэкономикалық факторлар да әсер етіп отырғаны айта кеткеніміз жөн.

ҚЫТАЙ – ВЕЛОСИПЕДШІЛЕР ЕЛІ
Статистика көрсеткендей, барлық велосипед өнімінің шамамен 80%-ы

Қытайда өндіріледі. Әрине, бәрі ішкі нарыққа бармайды, оның көп бөлігі басқа нарықтарға экспортталады. 2022 жылы Қытайдағы велосипед қолданушыларының көпшілігі 27 мен 39 жас аралығындағы топ болды, бұл елдегі велосипед тұтынушыларының бүкіл демографиялық көрсеткішінің 62,2%-ын құрады. Сол жылы велосипедтер метродан, автобустардан, таксилерден және автомобильдерден озып, Қытайда жұмыс істеуге арналған көлік нұсқаларының 44,3%-ын құрады. 2023 жылы Қытайдағы велосипед нарығы 31,08 миллиард АҚШ долларына жетті. Қытай әлемдегі ең ірі велосипед өндіру және экспорттау орталығына айналды, бұл әлемдік велосипед саудасының 60%-ын құрайды. 2023 жылы Қытайда жасалған велосипедтер саны 48,83 миллионды құрап, оның 39,65 миллионға

жуығы экспортқа шығарылған екен. Велосипед соңғы жылдары сән, спорт және озық технология сияқты факторларға байланысты қытайлықтардың күнделікті өміріне қайта кірді. Бұрын «велосипед патшалығы» атанған Қытай бүгінгі күні сол атаққа қайта ие болып отыр. 2024 жылдың бірінші тоқсанында Қытайда велосипед экспорты өсті. Бұл туралы Синьхуа агенттігі хабарлады. Қытай велосипед ассоциациясының дерегіне, қантар-наурыз айларында (былтырғы жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда) велосипед экспорты 13,7 пайызға артып, 11 миллионға жуық данаға жеткен. Оның ішінде ең көбі АҚШ-қа шамамен 2,3 миллион велосипед экспорттады, бұл өткен жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 47,2 пайызға артық. Ал Ресейге велосипед экспорты 52,1 пайызға артып, 930 мың бірлікті құраған. Ал велосипед бөлшектері мен аксессуарларының экспорты 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 746 миллион долларға жетіп, 10,8 пайызға өскен. Велосипедті ең сәнді спорт түрлерінің бірі деп санайтын Қытай азаматтарының саны артып келеді. Қытайдың 2021 жылғы велоспорт есебіне сәйкес, елде велосипедпен жүруді бастағандардың 29,8 пайызы бір велосипедке, 56,91 пайызы 2-3 велосипедке ие.

Естігенімізді емес, көргенімізді айтар болсақ, қазір Қытайдың көптеген қаласындағы көшелерде QR кодын сканерлеу арқылы кез келген жердегі велотұрақтағы велосипедті еркін пайдалана аласыз. Ал велотұрақтарды қоғамдық орындарда, атап айтқанда, порттарда, метро стансаларында, вокзалдарда көптеп кездестіресіз. Қытайлықтардың велосипедке деген үлкен сүйіспеншілігін үлкен және кіші қалалардың инфрақұрылымынан байқауға болады. Мәселен, велосипед жолдары, тұрақтары, велосипед базары көп. Тіпті, велосипед бағдаршамдары мен веложолдарда емін-еркін қозғалу үшін жол үстіндегі көпірлер мен жерасты жолдары да қарастырылған. Үкіметтің мұндай қадамға баруының тағы бір себебі, Қытайдағы экологиялық ластану мәселесінің өткірлігіне де байланысты болса керек. Себебі тұрғындарының тығыздығы, зауыт пен көліктің көптігі үшін велосипед – тұңғыштан шығар жол іспеттес.

Мемлекет велоинфрақұрылымға да айтарлықтай жақсы көңіл бөліп келеді. Мәселен, былтыр республика өңірлерінің жергілікті атқарушы органы жүргізген аудит нәтижесінде велоинфрақұрылыммен жақсы жабдықталған өңірлер белгілі болды. Түркістан облысы елді мекендерінде веложолдардың жалпы ұзындығы 105 шақырымды құраса, Астанада 80,4, Алматыда 70, Атырау облысында 24,2 шақырым веложол бар екен.

болғаны белгісіз. Бірақ оларды ескі суреттерден көре аламыз. 1761 жылы атпен жүруге және жерден аяғымен итеруге мүмкіндік беретін көлік құралының өндірісі туралы алғашқы деректер бар. Ағаш скутерді неміс вагон шебері М.Касслер жасаған. Ал нағыз велосипедтің тарихы терен. Кейбір деректерге қарағанда, 1863 жылы Парижде 20 жастағы француздық өнертапқыш Пьер Лалман қазіргі велосипедке ұқсайтын алғашқы көлікті жасап шығарған көрінеді. Тағы бір жылдан кейін француздық инженер Пьер Мишо бұл көлікке «велосипед» деген атау берген екен. 1866 жылдың қараша айында Пьер Лалман Америкаға барып, өзі жасап шығарған велосипедке патент алады. Осылайша, велосипед жылдар бойы техникалық жағынан жетіліп, бүгінге дейін адамзат көдесіне жарап келеді. Бір қызығы, XX ғасырда велосипедке деген қызығушылық біресе артып, біресе төмендеп отырған. 1905 жылдан бастап АҚШ пен Германия сияқты дамыған елдерде автокөлік индустриясының дамуына байланысты велосипед сән болудан қалды. Тіпті, жол полициясы велосипедшілерді автокөлік қозғалысына келергі туындататындар деп санайтын. Алайда 1960 жылдың аяғына таман экологиялық мәселелерге алаңдаумен қатар, саламатты өмір салтын насихаттайтын дамыған елдерде велосипедке деген қызығушылық қайтадан артты.

құны – 1,4 млн (біреуіне – орташа есеппен 46 доллар). Еліміз сондай-ақ экспортқа да шығарып отырғанын біреу білсе, біреу білмес. Мәселен, 2023 жылдың маусым айында экспортқа 24 454 велосипед кеткен. Data Hub несиелік бюросының мәліметінше, оның барлығы дерлік (23,5 мың бірлік) Тәжікстанға арналған. Тағы 889 дана Ресейге, Қырғызстанға (14), Хорватияға (5) және тіпті Нидерландқа (1) сатылған. Маусым айында Тәжікстанға экспорт 44,7 мың долларды құраған (сатылған бір велосипедтің орташа бағасы екі доллардан аз болды). Ресейге велосипедтер орта есеппен 107 доллардан сатылды.

Мемлекет велоинфрақұрылымға да айтарлықтай жақсы көңіл бөліп келеді. Мәселен, былтыр республика өңірлерінің жергілікті атқарушы органы жүргізген аудит нәтижесінде велоинфрақұрылыммен жақсы жабдықталған өңірлер белгілі болды. Түркістан облысы елді мекендерінде веложолдардың жалпы ұзындығы 105 шақырымды құраса, Астанада 80,4, Алматыда 70, Атырау облысында 24,2 шақырым веложол бар екен.

Сарапшылар пікірінше, Қазақстандағы тұтынушылар арасында экологиялық және электрлік велосипедтерге сұраныс артып отырған көрінеді. Бұл өзгеріс елдің көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға және экологиялық таза көлік нұсқаларын ілгерілетуге бағытталған



Түйін:

Жер шарында миллиардтан астам велосипед бар екен. Экологиялық таза және саламатты өмір салтының кепілі болған велосипедсіз бүгінгі күнді елестету мүмкін емес. Халық санына шаққанда тіркелген велосипедтер саны бойынша әлемде Нидерланд көш бастайды. Одан кейінгі орындарға Дания, Германия, Швеция жайғаса, үздік бестікті Норвегия қорытындылайды. Бұл көрсеткіш бойынша Жапония жетінші орында тұр. Неге Нидерланд көш бастайды десеніз, жер көлемі шағын ғана Еуропаның батысында орналасқан мемлекетте 35 мың шақырымнан асатын веложол бар. Ал 17,6 млн халық тұратын елде 22,1 млн велосипед тіркелген. Халықтың 99 пайызында велосипед бар. Оны халықтың 50 пайызы тұрақты қолданады екен. Велосипедтің Еуропадағы жоғары танымалдылығы үкіметтер жүргізетін саясатқа байланысты, өйткені велосипедтің маңыздылығын арттыру қала орталықтарының көліктерден босатуға, қоршаған ортаны жақсартуға, сондай-ақ адамдардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі. Осы қатарға енді Франция да қосылуды көксіп келеді. Себебі Данияда халықтың 15 пайызы велосипедпен қатынайтын болса, бұл көрсеткіш Францияда 3 пайыздан аспаған. Осы үшін ел үкіметі велосипедшілер санын 9 пайызға дейін арттыруды жоспарлап отыр. Тіпті, билік велосипедке отырғандарды қаржылай ынталандырады. Билік ауаны ластайтын көліктен бас тартып, велосипедке отырған француздарға 4 мың еуро көлемінде өтемақы береді. Қазіргі күреспен 1,9 млн теңге болатын төлемді табысы төмен отбасылар алады. Осы санатқа кіретін француздар бұл қаржыға велосипед сатып алуы керек. Ал велосипеді бар болса, онда субсидия ретінде мемлекет берген қаржыны басқа мақсатқа жұмсауға рұқсат беріледі.

Тұрақты велосипедпен жүрудің денсаулыққа пайдасын мамандар жиі айтады. Әсіресе, ұйқы мен зат алмасу жақсарып, демек ас қорыту, төзімділік пен бұлшықет тонусы артады, стресс деңгейі төмендейді. Сондай-ақ жүрек ауруы, инсульт, артрит, депрессия және қант диабеті қаупін азайтуға көмектеседі. Осылайша, қазіргі әлемде велосипедтің маңызы артып жатыр. Ендеше қоршаған ортаға пайдасын тигізетін және өз саулығымыздың кепілі болған осынау ғажайып көлікке деген көзқарасымыз қашанда оң болғаны жөн.

26 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | БЕЙСЕНБІ

Париж олимпиадасына автокөлікпен барған атыраулық Ерік Шыныбеков жақында ғана ұзақ саяхаттан елге оралды. Отбасымен бірге әлемнің 13 елін кесіп өтіп, қазақстандық спортшыларға Жазғы олимпиадада жанкүйер болған атыраулық жиһанкезбен сұхбаттасып, ұзақ сапары туралы сұрадық.

САЯХАТ – ӨЗІҢДІ ТАНУДЫҢ МҮМКІНДІГІ

– Парижде дейін көлікпен біраз елді кесіп өтіп, жол жүрдіңіз. Сапар қалай болды? Қай ел ерекше әсер қалдырды?

– Сенесіз бе, біз Парижде дейін 13 елдің үстінен өткен екенбіз. Маршрутымыз қысқаша былай болды: Атырау – Ресей – Грузия – Түркия – Грекия – Италия – Швейцария – Франция – Германия – Аустрия – Словения – Хорватия – Черногория – Албания – Грекия – Түркия – Грузия – Ресей – Атырау. Жалпы ұзындығы 14 000 шақырым болатын жолды біз автокөлікпен жүріп өттік. Бұл ерекше саяхатымызға

геуден өтеді екен. Егер дөңгелектің тежегіші ұстамай қалса, ол тежегіштің құралын қайдан сатып алғанын, кімнің және қайдан ауыстырғанын түгел тексереді. Сондықтан көлікке қызмет көрсету орталықтарының жауапкершіліктері де жоғары болады.

– Сапар барысында қандай қызықты сәттер, ерекше оқиғалар есіңізде қалды?

– «Әр елдің салты басқа, итері кара каска» демекші, 13 елдің өз салты мен ұстанымдары бар. Бірақ ортақ адами құндылықтарымыз бірдей. Жол ережелерінде ерекшеліктер аса көп емес. Біздің



орнатып, тамағымызды пісіріп, балалар сол кэмпинг бассейндеріне түсіп, демалып жаттық. Дүш, әжетхана, ыдыс-аяқ жуатын жерлер, балалар ойнайтын алаңдар, тамақ пісіретін асханалар бәрі бар. Тазалығы кейбір қонақүйден де керемет.

Ол үшін аса бір көп ақша да керек емес. Кэмпингте бір қонақ шығу 30-50 еуро арасында. Өз көзімізбен көріп, автоүйін керіп, маркіз астында, кішкене үстел құрып, ыңғайлы креслода, екі егде жастағы жұп отырды. Біздікіндей үйіліп-төгіп жатқан тамақ та жоқ. Ыңғайлылық ол жақта бірінші орында.

– Париж олимпиадасын көзбен көргендегі әсеріңіз қалай болды?

– Алғашқы басты мақсатымыз, әрине, ол Париж олимпиадасы ойындарында еліміздің споршыларына жанкүйер болу еді. Олимпиаданың ашылу салтанаты кешінде жанбыр жауып, үсті-басымыз малмандай су болды. Бірақ алыстан болса да тамашалық. Әр жерге үлкен экрандар орнатып, тікелей эфирмен көруге де жағдай жасап қойған екен. Одан бөлек, бокс сайысын көріп, Назым Қызыбай қарындасымыз

отырып бұл әсерлерді, бұл естеліктерді қандай, қанша ақшаға сатып алуға болады?

35 күн бойы бір көлік ішіндеміз, бір-бірімізді түсіну үшін, мінез-құлықтарын байқау үшін, жақсы тәлім-тәрбие беру үшін табылмас жабық орта болды.

– Автокөлікпен саяхаттау туралы идея қайдан пайда болды? Алғаш автосаяхат жасаған жерлеріңіз қандай еді?

– Осыдан 4 жыл бұрын, біз Эльдар, Ерлан, Айдарбек атты жігіттермен бірігіп Атырау Nomads саяхат клубын құрдық. Алғашқы автосаяхатымыз – 4 көлікпен 4 күн жүріп, Маңғыстау елін араладық. Ол кезде чатта 20 шақты адам болған. Қазір инстаграмдағы оқырмандар 4 000-нан асады, ал WhatsApp чаты 1 000 адамнан асатын қаламыздағы бірден бір саяхат клубы болып есептеледі. Тіпті, облыс әкімінен алған алғыс хатымыз да бар.

Автокөліктің бір жақсы жағы жол бойы көптеген елді мекенді көруге болады, адамдарды кездестіресіз. Көлікке түнде қонатын, айдалада тамақ пісіретін барлық құрал-жабдықты алуға болады. Ұшақтың бір ғана пайдасы – тез



толық 35 күн кетті. Жүріп өткен барлық ел ұнады. Табиғатымен ерекше көзге түскен Швейцария болды, ал Италия бай тарихымен таңғалдырды.

Орта жолда, шамамен 8 000 шақырым жүрген соң Италияда мотордың майын, фильтрін ауыстырдық. Бір қызығы, мысалы, бізде май сатып алсаңыз, ауыстыру тегін ғой. Ал ол жақта тек майды ауыстырғаны үшін қызметіне қосымша 50 еуро төледік. Яғни, капитализмнің нағыз отаны саналатын Еуропада, жұмысшының еңбекқисы сағатпен есептеледі. Сәйкесінше, көрсетілетін қызмет сапасы да өте жоғары. Бір ғана көліктің майын ауыстырып бергені үшін Италиядағы көлік жөндеу сервистік орталығы толық А4 беттік қағазды толтырып, құжат рәсімдеп берді. Себебі ол жақта көлік апаттары қатты тер-

жол жүріп бара жатқанымызды көрген TikTok оқырмандары пікір қалдырып, жолай үйлеріне қонақ болып кетуімізді ұсынып жатты. Жан-жақта әйтеуір бір қазағым бар екен.

Одан бөлек, Еуропа халқының саяхатқа деген ұғымына таңғалдық. Олар саяхатты мейлінше жақсы көреді және жиһанкездікті олардың өмір сүру образы десек те болады. Ол елдерде саяхат үшін барлық жағдай қарастырылған. Барлық ірі қала маңында кэмпингтер бар. Бізде кэмпинг десе, қалаға кіре берістегі фура шопырлары жататын лас орындар елестейді ғой. Ол елдердегі кэмпинг іспетті елдегі пикник алаңдары іспетті.

Біз Грекияда, Швейцарияда 50-60 жыл болған кэмпингтерде қондық. Өзіміз алып шыққан шапырымызды көлігіміздің жанына

Орта жолда, шамамен 8 000 шақырым жүрген соң Италияда мотордың майын, фильтрін ауыстырдық. Бір қызығы, мысалы, бізде май сатып алсаңыз, ауыстыру тегін ғой. Ал ол жақта тек майды ауыстырғаны үшін қызметіне қосымша 50 еуро төледік.

дәлден жөнсіз тамашалап, Геннадий Головкин бауырымызбен фотоға түсіп, мээ болдық.

– Өзіңіз ғана емес, отбасыңыз, соның ішінде балаларыңызға ерекше әсер сыйладыңыз. Ең қымбат жандарыңыздың реакциясы қалай болды?

– Өткенде бір қызық статистика көрдім. Біздер ата-аналар баламызбен 18 жазды ғана бірге өткізеді екенбіз. Небәрі 18-ак жаз! Осындай ұзақ саяхаттарға да шықпайды екенбіз.

Балаларымыз үшін бұл естен кетпес саяхат болды. Балалардың сыртқа шығып, ел көріп келгені олардың дамуына, ойлау қабілеттерінің артуына жақсы әсерін тигізеді деп сенемін. Қанша елден өттік, әртүрлі адамдарды көрдік, әртүрлі тілдер естідік. Атырауда

әрі алысқа бару. Жас ұлғайған сайын әрбір сәтті көріп, дәмін ұзағырақ татқын келеді екен...

– Саяхат адамға не береді?

– Саяхат – өзіңді, қасыңыздағы адамдарды тануыңызға мүмкіндік береді, жолдағы мәселелерді шешіп, өзіңізге деген сенімділікті арттыруға мүмкіндік туғызады. Басқаларға жол көрсету арқылы, ынталандырып, мотивация береді. Ішкі және сыртқы туризмнің, авто-туризмнің дамуына әкеледі. Балалардың ішкі жан-дүниесін сілкіндіруге, бір қосалқы дем беруге, тезірек дамуына, өз алдына жауапкершілік ала алатын тұлға болуына жол ашыды.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

ЖИЫН

Ыстанбұлда Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының бастамасымен Түркі әлемінің мәдени мұрасын басқару бойынша тәжірибе алмасу бағдарламасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл бағдарлама Түркі әлемінің мәдени мұрасын басқарумен байланысты мекемелердің қатысуымен ұйымдастырылған. Тәжірибелік жоба 23 қыркүйекте басталып, 27 қыркүйекке дейін жалғасады.

ТҮРКІ ӘЛЕМІН ТҮЛЕТЕР ЖОБА



А Сымбат БЕГІМБАЕВА

Тәжірибе алмасу мақсатында іске асырылатын бағдарламаға Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Венгрия, Өзбекстан және Түрікменстаннан осы саладағы жоғары білікті мамандар қатысуда. Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының президенті Ақтоты Райымқұлова осы аталған қор түркі мұрасының сақталуына ықпал ететінін атап өтті.

«Біздің ұйымның мақсаты – түркі әлемінің мәдениеті мен мұрасын қолдау, насихаттау және сақтау. Біз мемлекеттер басшыларының тапсырмаларына сәйкес, жалпы түркі мұрасын, оның ішінде материалдық және материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерін сақтау және насихаттау бойынша жұмыс істеп жатырмыз. Сонымен қатар түркі ұйымдарымен бірге көптеген ғасыр тарихы бар жазушыларымыздың, ғалымдарымыздың, бүкіл түркі әлемі ақындарының жалпы түркі мұрасын басып шығаруға және насихаттауға қатысқанымызға өте қуаныштымыз», – делі ол.

Ақтоты Райымқұлованың айтуынша, Қордың негізгі жұмысы – каталогтау, жүйелеу, сондай-ақ түркі мұрасын сақтау мен насихаттауға ғылыми көзқарас қалыптастыру.

Түркі әлемінің мәдени мұрасын басқару бойынша тәжірибе алмасу бағдарламасы аясында Баку қаласында «Физули – 530 жол» кітабының тұсаукесері өтті. А.Райымқұлова Мұхаммед Физулидің шығармашылығына арналған Түркі мәдениеті мен мұрасы халықаралық қорының қолдауымен шығарылған кітаптың тұсаукесері туралы айта келе, Әзербайжан мен әлемде ұлы ақын, ойшылдың құрметіне іс-шаралар өтіп жатқанын атап өтті.

«Оның керемет поэзиясы бүкіл әлемге танымал. Бакуде орналасқан Мәдениет және мұра қоры Физули мұрасын насихаттауға көмектесіп, оның ғазалдарын, өлеңдерін қазақ тіліне аударғанына қуаныштымыз. Бұл тәжірибе бізде бар: біз түркі әлемінің барлық ұлы туындыларын түркі әлемінің барлық тілдеріне аударып жатырмыз: қырғыз, өзбек және басқа тілдерде аудармалар жарыққа шығады», – делі ол.

Қор президенті қазірдің өзінде түркі ақындары мен жазушыларының туындыларын түркі тілдеріне аударылып, қолжетімді бола бастағанын негізге алды. Айта кетейік, тәжірибе алмасу бағдарламасының серіктестері қатарында Түрік ынтымақтастық және Үйлестіру агенттігі (TIKA), Фатих муниципалитеті, Ыстанбұл коммерциялық университеті және түркі бейбітшілік қоры бар.



NUR MEDIA
МЕДИА ХОЛДИНГ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алғашқы БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгул НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАБСАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4501

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,